ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЭЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

«Информатиканы оқытудың әдістемесі мен теориясы» кафедрасы

Нысанов Е.А., Құрақбаев Ж.С., Ибрагимов О.М.

WEB-БАҒДАРЛАМАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

оқу құралы

Шымкент, 2015

УДК 004.42 (075.8)

Нысанов Е.А., Құрақбаев Ж.С., Ибрагимов О.М. Web-бағдарламалау негіздері. Оқу құралы. –Шымкент: ОҚМУ, 2015. –206 бет.

Оқу құралында динамикалық гипермәтіндік құжаттарды құру технологиясы қарастырылған. Онда HTML, JavaScript және PHP бағдарламалау тілдерінің синтаксисі, тэгтері, операторлары мен функциялары қаралған. Web-құжатта CSS технологиясы және JavaScript, PHP скрипттерден пайдалану әдістері көрсетілген. Оқу құралында осы аталған мәселелер мысалдармен көрнекі түрде сипатталған. Сонымен қатар оқу құралында берілген жеке тапсырмалар мен тест сұрақтары, оның мазмұнын түсінуге көмектеседі.

Оқу құралы университеттің 5В060200 – «Информатика» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған.

Пікір жазғандар: Оразов И. – ф.-м.ғ.к., доц., М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Информатика» кафедрасының меңгерушісі;
Бараев А.Б. – ф.-м.ғ.д., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының «Информатика» кафедрасы профессоры.
Ибрагимов Р.И. – п.ғ.д., проф., Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университетінің «Информатика және математика» кафедрасының меңгерушісі.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесі баспаға ұсынған, хаттама №__«__» _____ 2015 ж.

© М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті

Мазмұны

Кіріспе.....5

1 Интернет және WWW жүйесі 7
1.1 Интернет технологиялар 7
1.2 IP-адрес және URL-адрес 10
1.3 Интернет қызметтері 13
1.4 OSI эталондық үлгісі мен TCP/IP хаттамасы 19

2 HTML тілінің негіздері 27
2.1 Web-құжат құру технологиясы 27
2.2 Web-құжат құрылымы 30
2.3 HTML тілінің мәтінді пішімдеу тэгтері 34
2.4 HTML тілінде тізімдерден пайдалану 39
2.5 Web-құжатқа сілтемелер, сурет және объекттер енгізу 41

3 Web-құжатты безендіру 47
3.1 Web-құжатта кестелерден пайдалану 47
3.2 Web-құжатта қалыптардан пайдалану 51
3.3 Web-құжатта фреймдерден пайдалану 56
3.4 Web-құжаттың интерактивтік интерфейсі 59

4 CSS технологиясы 64
4.1 CSS технологиясының синтаксисі 64
4.2 CSS технологиясының қасиеттері 75
4.3 CSS стильдерін Web-құжатқа енгізу әдістері 83
4.4 CSS технологиясының алгоритмдері 89

5 JavaScript тіліне кіріспе 96
5.1 JavaScript тілінің қарапайым элементтері 96
5.2 JavaScript тіліндегі амалдар 100
5.3 Шартты операторлар 104
5.4 Цикл операторлары 107

6 **JavaScript-дің алгоритмдік мәселелері** 111
6.1 Web-құжатқа скриптті орналыстыру әдістері 111
6.3 Интерактивтік интерфейстің қалып скрипттері 112
6.3 Web-құжатқа ақпаратты енгізу-шығару скрипттері 121
6.4 JavaScript-ке мысалдар 135

7 PHP тіліне кіріспе 139
7.1 PHP тілінің қарапайым элементтері 139
7.2 Деректердің типтері және амалдар 141

7.3 Операторлар 146
7.4 Функциялар 151

8 PHP-скрипттерді құру технологиясы 156
8.1 Арасне локальді серверін орнату 156
8.2 PHP препроцессорын орнату 162
8.3 PHP-скрипттерге мысалдар 165
8.4 «Web-дизайн» электрондық оқулығын құру технологиясы 175

Жеке жұмысқа тапсырмалар 191

Тест сұрақтары 195

Пайдаланылған әдебиеттер 201

Қосымшалар 202

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы алдында ақпараттық қоғам құру мәселесі туындап отырғаны белгілі. Ақпараттық қоғам – басым көпшілігі ақпараттық өндіріспен, яғни ақпараттың жоғарғы формасы білімді сақтау, өңдеу және тасымалдау істерімен айналысатын қоғам. Ақпараттық қоғамды құру критерийлерінің бірі қажетті ақпаратты жедел және нақты түрде жеткізу, тасымалдау. Бұл критерийдің Интернет-технологияларға байланысты тұстары бар.

XX ғасырдың аяғында бүкіләлемдік ауқымды желі Интернеттің қарқынды дамуы ғылымда жаңа бағыттардың пайда болуына себеп болды. Солардың бірі Web-бағдарламалау технологиясы. Қазіргі таңдағы Интернет қызметтері, мысалы, бүкіләлемдік өрмек (WWW), электрондық пошта (E-mail), нақты уақыт аралығында ақпарат алмасу (IRC), сандық телевидение (iDTV) және т.б. осы бағдарламалау технологиясының жемісі.

Web-бағдарламалау технологиясын көбінесе Web-дизайн деп атайды. Бұл термин Web (WWW қызметінің қысқартылған атауы) және дизайн (ағыл. design) сөздерінің тіркесі болып, «Web-құжатты көркем жобалау, құру» деген мағынаны білдіреді.

Дизайн сөзі күнделікті өмірде - объектті жобалау, яғни жаңа құрылғыны, құрал-саймандарды көркем құрастыру деген көп мағыналы термин ретінде қолданылады. Оның негізгі мақсаты – объектті қолдануына қарай көркемдеу, пішімдеу. Классикалық дизайн көркемөнерінен Web-дизайнның айырмашылығы, мұнда қалам, бояу, мольберт сияқты құрал-саймандардың орнына, компьютерлік құрал-саймандар - бағдарламалау жүйелері, Web-редакторлар, графикалық процессорлар, аниматорлар, цифрлік фотоаппараттар, сканерлер т.с.с. пайдаланылады.

Сонымен, Web-дизайн – IT-технологиялар (компьютер және жаңа ақпараттық технологиялар), арнайы бағдарламалау тілдері (HTML, JavaScript, PHP, Java, Perl, C++) және желілік технологиялар (CSS, CGI, SSI) негізінде құрылған көркемөнердің жаңа түрі болып есептеледі. Кейбір әдебиеттерде компьютерлік дизайн, Web-шебер терминдері де кездеседі.

Web-дизайншы деп, әдетте, Web-сайт дизайнымен айналысушы бағдарламашыны айтады. Бірақта олар дизайнмен қатар, жүйелік администратор және бағдарламашы міндеттерін де атқарады. Кейде сайт модераторлары да Web-дизайншы деп аталады.

Web-дизайншы Web-құжат құруда гипермәтіндерден, анимациялық суреттерден, фото, видео және аудио файлдардан пайдаланады. Олар коммерциялық және жарнамалық Web-жобалар: мемлекеттік мекеме немесе коммерциялық ұйым Web-сайты, Интернет-магазин, электрондық басылым, ақпаратты іздеу жүйелерін құрады. Web-дизайншы өзінің кәсіби міндетін атқаруда декоративті-қолданбалы өнер, көркем фотография, архитектура, скульптура, граффити сияқты көркемөнер салаларында жинақталған тәжірибеден пайдаланады. Сонымен қатар оның өзіне тән

жаңа қасиетері, заңдылықтары бар. Олар Интернеттің техникалық, бағдарламалық және ақпараттық компоненттерінің дамуымен өзгеріп отырады.

Қазіргі таңда Web-құжаттарда гипермәтін мен статикалық суреттермен қатар, қозғалушы объекттер, яғни баннерлер, анимациялар, видеоклиптер қолданылады. Интернетте тұтынушымен интерактивті байланыста болатын динамикалық Web-сайттар, ақпаратты іздеу жүйелері жиі кездеседі. Сонымен қатар, тұтынушының менталитеті мен психологиясын, креативті идеялар мен тақырыптарды есепке ала отыру қажеттігі туындап отыр. Мұның барлығы Web-дизайншыдан әдебиет, журналистика, кино, телевидения, фото т.с.с. өнер салаларының туындыларынан орынды пайдалануды талап етеді.

Интернеттің WWW жүйесінде гипермәтін, графика, фото, аудио, видеоклип, көркем фильм, баннер, анимация, т.с.с. өте ауқымды ақпарат сақталады. WWW жүйесінің негізгі қызметі қажетті ақпаратты тұтынушы сұранысы бойынша іздеу, сұрыптау және мониторға жинақы түрде шығаруды ұйымдастыру. WWW жүйесінің ақпараты Web-құжат түрінде дайындалып сақталған гипермәтіндік құжаттар. Мұндай гипермәтіндік құжаттың қарапайым мәтіндік құжаттан айырмашылығы, оның жазылу пішімінде, яғни HTML тілінде жазылған. Сонымен қатар HTML тілінің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған қосымша Интернет-технологиялар дамуда. Мұндай технологияларға төмендегілер кіреді:

- CSS – каскадты стильдер кестесі;
- JavaScript, VBScript, ActionScript тілдерінде жазылған скрипттер;
- Java тілінде жазылған апплеттер;
- PHP тілінде жазылған PHP-скрипттер;
- Perl, C++ тілдерінде жазылған CGI-скрипттер;
- GIF, JPEG, PNG форматындағы суреттер;
- SWF-файлдар және Flash-анимациялар;
- AVI, MPEG форматындағы видеоклиптер;
- WAV, MP3, MIDI форматындағы аудиоклиптер.

Ұсынылып отырған оқу құралында динамикалық гипермәтіндік құжаттарды құру технологиясы қарастырылған. Онда HTML, JavaScript және PHP бағдарламалау тілдері, CSS технологиясынан пайдалану әдістері берілген. Оқу құралында осы аталған мәселелер мысалдармен көрнекі түрде сипатталған. Оқу құралында берілген жеке тапсырмалар материалды терең түсінуге көмектеседі.

1 Интернет және WWW жүйесі

1.1 Интернет технологиялар

Интернет (Internet - Interconnecting Networks) - бүкіл әлемдегі миллиондаған шағын компьютерлерді бір-бірімен байланыстырып тұрған кең ауқымды компьютерлік желі, желілердің желісі. Ақпаратты тарату мақсатында мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің, жеке тұлғалардың, университеттердің, ұйымдардың т.с.с. желілерін бір жүйеге біріктіріп TCP/IP хаттамаларын пайдалана отырып жұмыс істейді. Желідегі компьютерлерде мәтін, графика, фото, аудио, видео, анимация т.б сияқты өте үлкен ақпарат көлемі сақталады. Желіні пайдаланудың негізгі қызметтеріне – WWW (World Wide Web) - бүкіләлемдік өрмек, E-mail - электрондық пошта, ISQ (I seek you) - нақты уақыт кезінде хат-хабарлар алмасу және FTP (File Transfer Protocol) - файлдарды тасымалдау т.б. жатады [1]. (сурет 1).



Сурет 1 – Интернет желісі

Интернетке қойылатын негізгі талап – байланыс арналары елеулі өзгеріске ұшырағанымен, кез келген жағдайда ақпаратты бір компьютерден екінші компьютерге шығынсыз жеткізу қажеттілігі. Желідегі байланыс арналарының бірсыпыра бөлігі істен шықса да, қалғандары өз жұмысын атқара беруі тиіс.

Қазіргі таңда ақпаратты тасымалдау сенімділігі мен жеткізу жылдамдығын арттыру мақсатында дестелерді коммутациялау технологиясы қолданылады. Оның артықшылығы – ақпараттың ара қашықтыққа тәуелсіздігі, тасымалдау жылдамдығының жоғарылығы, ақпарат шығынының жоқтығы және ақаусыз икемді жұмыс істеуі. Дестелерді коммутациялау технологиясының мағынасы тасымалданатын ақпарат бірнеше шағын дестелерге (package) бөлінеді. Әдетте дестелердің ұзындығы тұрақты және алдын ала анықталады. Ақпарат жеткізілетін серверге дейінгі аралықтарға көптеген түйінді компьютерлер орналасады.

Олар арасында дестелер бір–біріне тәуелсіз, тек өзіне тән байланыс арналары арқылы жылдам тасымалданады, яғни әрбір дестe тасымалданатын соңғы серверге дейін тек өз маршрутымен (route) жеткізіледі. Қабылдау серверінде дестелер қайтадан біртұтас ақпаратқа біріктіріліп, өз иесіне, яғни ақпарат жіберілген абонементке беріледі. Интернет желісінің сенімді жұмыс атқаруын амалға асыру үшін, оны бір орталықтан басқармай, барлық түйінді компьютерлерді бірыңғай тең құқықты етіп жасаған. Интернет желісі торабындағы әрбір компьютер ақпаратты қабылдау-жөнелту жұмыстарын орындаумен қатар, басқа тораптардан келіп түскен ақпаратты да әрі қарай тасымалдау кезінде, маршрутты өзгерте алады.

Әр түрлі құрылғылар мен программалар арасында мәлімет алмасу қалай және қандай түрде атқарылатыны жайлы ережелер жиыны хаттама деп аталады. Хаттамалар мынадай топтарға бөлінеді:

- базалық
- қолданбалы

Интернет базалық TCP/IP хаттамасын пайдаланады. Қолданбалы хаттамалар Интернеттің арнайы қызмет баптарының хаттамаларынан, мысалы, http, ftp, telnet, т.с.с тұрады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы алдында ақпараттық қоғам құру мәселесі туындап отырғаны белгілі. Ақпараттық қоғам – басым көпшілігі ақпараттық өндіріспен, яғни ақпараттың жоғарғы формасы білімді сақтау, өңдеу және тасымалдау істерімен айналысатын қоғам. Ақпараттық қоғамды құру критерийлерінің бірі қажетті ақпаратты жедел және нақты түрде жеткізу, тасымалдау. Бұл критерийдің Интернет-технологияларға байланысты тұстары бар.

HTML (HyperText Markup Language) – гипермәтінді белгілеу тілі мәтіндерді Web-құжат (HTML-құжат) түрінде бейнелеуге арналған тэгтер жиынын анықтайды. HTML тэгтері құжатты туралауға, пішімдеуге және безендіруге мүмкіндік береді. Интернетке арналған мұндай гипермәтінді Web-құжаттар баспаға шығаруға емес, тек монитор экранында көруге арналған. Сондай-ақ, HTML тілі Web-құжатқа гипермәтін мен қозғалмайтын объекттерді бейнелеу мүмкіндігін береді.

DHTML (Dynamic HTML) тілі HTML-дің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған гипермәтінді белгілеу тілі. Бұл тіл, атынан көрініп тұрғандай, Web-құжатқа қозғалыс енгізеді, яғни мәтіннің түсін өзгертеді, кейбір элементті жасырып, кейбірін экранға шығарады т.с.с. Тілді MicroSoft және NetsCape корпорациялары бір-бірінен тәуелсіз жасап шығарған. Сондықтан DHTML-де жазылған код Internet Explorer мен NetsCape Navigator браузерлерінде әр түрлі жұмыс істейді. Соңғы кезде W^3C консорциум тілдің бірыңғай стандартын шығарған.

HTML (HyperText Markup Language - гипермәтіндік белгілеу тілі) - қарапайым мәтіндерді гипермәтіндік түрде бейнелеуге арналған тэгтер жиыны мен ережелерін анықтайды [2].

HTML тілінің тэгтері мәтінді мониторда бейнелеуге, пішімдеуге және безендіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Web-құжатқа сілтеме, сурет, кесте, баннер, фрейм сияқты нысандарды енгізе алады. Сонымен қатар басқа бағдарламалау тілдерінде құрылған скрипт, апплет, анимация және т.б. нысандарды да пайдалануға болады. Жалпы, тек қана HTML тілін пайдаланып Web-құжат құру жеткіліксіз. Қазіргі таңда HTML тілінің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған қосымша Интернет-технологиялар дамуда. Мұндай технологияларға төмендегілер кіреді:

- CSS – каскадты стильдер кестесі;
- JavaScript, VBScript, ActionScript тілдерінде жазылған скрипттер;
- Java тілінде жазылған апплеттер;
- PHP тілінде жазылған PHP-скрипттер;
- Perl, C++ тілдерінде жазылған CGI-скрипттер;
- GIF, JPEG, PNG форматындағы суреттер;
- SWF-файлдар және Flash-анимациялар;
- AVI, MPEG форматындағы видеоклиптер;
- WAV, MP3, MIDI форматындағы аудиоклиптер.

CSS (Cascade Style Sheets – каскадты стильдер кестесі) технологиясы желідегі бірнеше Web-құжат мәтіндерін бірыңғай пішімдеуге арналған. Бұл технология Web-сайт парақтарының монитор экранында бірдей бейнеленуін және жылдам жүктелуін қамтамасыз етеді. CSS технологиясын пайдаланып Web-сайттағы барлық құжаттағы мәтіндердің шрифтін, түсін, өлшемін, туралау пішімдерін т.с.с. өзгертуге болады.

Java-апплет деп Java тілінде жазылған бағдарламаны айтады. Бұл бағдарлама компиляцияланып, пайда болған кодты байт-код деп атайды. Байт-код клиенттік компьютерлерде Java виртуал машинасы көмегімен орындалады. Java-апплеттер көлемі бойынша ықшам және компьютер платформасына тәуелсіз. Сондықтан Java-апплет Web-құжатқа енгізілсе, браузер оны автоматты түрде Java виртуал машинасы көмегімен орындайды.

Скрипт (Script) – HTML тілінің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған, арнайы бағдарламалау тілінде жазылған ықшам бағдарлама. Бағдарламалау тілі ретінде JavaScript, VBScript, Java, Perl, C++, т.с.с. тілдері қолданылады. Скрипттер әртүрлі оқиғаларды өңдейді, мысалы, тышқанды шерту, курсордың экран бетіндегі қозғалысы. Оқиғаның жауабы ретінде Web-құжаттың экрандағы түрінің өзгеруі, клиент-компьютерден серверге ақпарат жіберу сияқты іс-әрекеттер орындалады.

Скрипттер Web-жобада әртүрлі оқиғаларды өңдейді, мысалы, тышқанның пернесін шерткендегі іс-әрекет, курсорды мониторда қозғалту, терезе өлшемдерін өзгерту. Скрипттерді орындалу ортасына байланысты екі топқа бөледі: клиенттік (JavaScript, VBScript, ActionScript); серверлік (CGI-скрипт, PHP-скрипт).

Клиенттік скрипттер Web-жобаның HTML тілінде жазылған кодының ішіне тікелей жазылады. Клиенттік скрипттердің негізгі қасиеті, олар тұтынушы компьютерінде, яғни Web-браузерде HTML-кодпен бірге орындалады. Скрипттер компиляцияны қажет етпейді, яғни компилятордың орнына Web-браузер жеткілікті. Бұл скрипт құруды жеңілдетеді, уақытты үнемдейді. Клиенттік бағдарламалау тілдеріне JavaScript (Oracle Corporation), VBScript (Microsoft), ActionScript (Adobe Systems) тілдері жатады. Олардың ішінде JavaScript тілі қазіргі заманғы барлық Web-браузерлерде қолданылады, ал VBScript тілін тек қана Internet Explorer браузері пайдаланады. Жалпы, JavaScript тілі Java-ның, ал VBScript тілі Visual Basic-тің скрипттік версиялары болып саналады.

Скрипттердің негізгі кемшілігі, олардың орындалуы Web-браузерге тәуелді. Біріншіден, егер тұтынушы қаламаса скриптті орындауға жібермей қоюға болады. Ол үшін Web-браузердің арнаулы опциясын баптау жеткілікті. Екіншіден, скрипт әртүрлі Web-браузерлерде кейде әртүрлі орындалады. Сондықтан скриптті бірнеше Web-браузерде қатар тексеру қажеттігі туындайды.

PHP (Hypertext Preprocessor – гипермәтінді препроцессор) тілі серверде орындалатын сценарий жазуға арналған тіл. Браузер URL-адресте (Uniform Resource Locator – ықшамдалған ресурстар көрсеткіші) көрсетілген PHP тілінде жазылған Web-құжатты орындау үшін Web-серверге сұраныс жасайды. Web-сервер PHP-процессорын жүктеп, PHP-кодты орындайды ды, нәтижені Web-серверге қайтарады. Ал Web-сервер өз кезегінде нәтижені браузерге терезеде бейнелеу үшін жібереді.

1.2 IP-адрес және URL-адрес

Бүкіләлемдік немесе корпоративтік желіге қосылған әрбір компьютердің жеке IP-адресі (Internet Protocol) болатыны белгілі. Бұл сіздің ұялы телефоныңыздың номері сияқты. Басқа абоненттер сізді осы номер бойынша тауып алады. IP-адрес нүктелермен бөлінген төрт ондық бүтін саннан тұрады. Сандардың өзгеру аралығы 0-ден 255-ке дейін. Себебі бір байтқа осынша екілік сан сияды. Мысалы: М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті серверінің адресі 192.168.32.1.

IP-адресі екіге бөлінеді:

- тұрақты;
- динамикалық.

Желіге қосылған Web-серверлер тұрақты IP-адреске ие болады. Олар күні-түні жұмыс істейді, яғни тұтынушыға тұрақты түрде қызмет көрсетеді. Компьютерді осылай адрестеу 256^4=4,3 млрд физикалық IP-

адрес бөлу мүмкіндігін береді екен. Мұндай адрес 32-разрядты екілік сан түрінде (4 байт) жедел жадыда сақталады.

Интернеттегі адрестеудің екінші түрін URL-адрес (Uniform Resource Locator – Ықшамдалған ресурстар көрсеткіші) деп атайды. Кейде домендік адрес (domain, облыс, аймақ, регион) деп те аталады. Мұндай URL-адрес компьютерлік желідегі әрбір компьютерге және әрбір құжатқа беріледі. Мұның негізгі себебі желідегі әрбір компьютердің IP-адрестерін жаттау тұтынушыға қиындық тудырады. Сондықтан IP-адрестермен қатар, мағынасы бар URL-адрестер енгізілген. Бұл ұялық телефон нөмірінің жанына оның иесінің атын жазған сияқты.

Домендік URL-адрестің жазылу ережесі мынадай [3]:

хаттама://компьютер аты. домен аты [/каталог/ішкі_каталог/файл аты]

Бірінші болып қолданылатын хаттама көрсетіледі, мысалы, http. Келесі компьютер аты жазылады да, одан кейін домен аты тұрады, мысалы, ukgu.kz. Адрес соңында кейде сервердегі каталог аттары мен файл аттары жазылады, мысалы inform/dissert.html. Жалпы Интернетте домен, каталог, бума және файл атын жазуда 8.3 форматын ұстаған дұрыс. Сонымен қатар, тік жақша ішіндегі адрес бөлігі жазылмаса да болады. Бірнеше нақты адрестермен мысал келтірейік:

http:// www.ukgu.kz/ inform/dissert.html
http:// www.google.kz

Әдетте URL-адрестер жазуда браузерлерге хаттаманы көрсетпесе де болады. Браузерлер хаттаманы Интернеттің қызметіне қарап, мысалы www, анықтайды. Сондықтан көрсетілген мысалдарды былай қысқаша жазуға да болады:

www.ukgu.kz/ inform/dissert.html
www.google.kz

Сонымен, домендік URL-адрестің жазылу ережесі төменде беріліп отыр:

- сервер жұмыс істеп тұрған хаттаманы, егер Интернет қызметі көрсетілсе көрсетпесе де болады (WWW қызметі үшін http хаттамасы);
- Интернетте бір адресті көрсету жеткілікті: компьютердің IP-адресі немесе URL-адресі;
- сервер өңдейтін TCP портын көрсетпесе де болады, мысалы, WWW қызметі үшін порт номері 8080. Компьютердің өзі автоматты түрде тауып алады;
- Web-сервердегі HTML-құжаттың адресін көрсетпесе де болады, Web-сервердің бір адресін көрсету жеткілікті.

Мысалы: М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті адресі былай жазылады:

- www.ukgu.kz
- 92.168.32.1

Енді DNS (Domain Name System – домендік атаулар жүйесі) жүйесін атап кетейік. DNS жүйесі IP-адрес пен URL-адрес арасында байланыс орнататын, оларды бірінен-біріне ауыстыратын жүйе. DNS жүйесі сақталатын компьютерді DNS-сервер деп атайды [5].

DNS жүйесі бойынша домендік адрес солдан оңға қарай тізбектеп оқылады. Сол жақтағы домен ең жоғарғы домен болып есептеледі. Әдетте домен атауы үш-бес атаудан тұрады (стандарт бойынша жетеуге дейін деп берілген). Домен атауы екі түрде беріледі:

- қызмет бабына қарай;
- аймақтық.

Қызмет бабына қарай қойылған домендік атаулар алғаш рет АҚШ-та пайда болған болатын. Интернеттің де АҚШ-та пайда болғаны сияқты. Бұл домендік атаулар мекеме типін көрсетіп, үш әріптен тұрады. Олар төменде берілген:

- com – коммерциялық ұйымдар;
- edu – білім мекемелері, университеттер;
- int – халықаралық ұйымдар;
- gov – мемлекеттік ұйымдар;
- net – желілік ұйымдар;
- mil – әскери ұйымдар;
- org – басқа мекемелер.

Содан бері, WWW жүйесінің ауқымды дамуына байланысты аймақтық домендер мемлекет атына сәйкес қойыла бастады. Олар екі әріптен тұрады. Аймақтық домен атаулары мысалдар келтірейік.

- us - АҚШ
- ru - Ресей
- kz – Қазақстан
- jp – Жапония
- ua - Украина
- uz - Өзбекстан

Осы айтылған атаулардан басқа кейде альтернативті домендік атаулар да кездеседі. Оларды ішінде АҚШ мемлекеті жанында құралған ICANN (Internet Corporation for Assigned Names and Numbers) мемлекеттік емес ұйымын атауға болады. Осы ұйымның домен атауларына мысалдар келтірейік.

- museum — музейлер

- name — жеке есімдер
- aero — авиакомпании
- coop — бірлескен, коммерциялық
- biz — бизнес
- info - ақпараттық
- pro — кәсіпқой
- tv - телевидения

1.3 Интернет қызметтері

Қазіргі таңда Интернеттің тұтынушыға көрсететін көптеген сервистік қызмет түрлері (web service) бар. Интернеттің әр қызметі ақпарат таратудың, тасымалдаудың және алмасудың әртүрлі функцияларын атқарады. Сондай-ақ, мұндай қызметтердің кейбіреуі ескіріп жойылса, кейбіреуі жаңадан пайда болып жатыр. Интернеттің сервистік қызметтері ішінен негізгілерін қысқаша қарастырып өтейік.

Қолданыстағы Интернеттің қызметтері көп, жыл сайын жаңа қызметтер қосылуда. Соның ішінде ең көп тарағаны және қолданылатыны WWW жүйесі.

WWW (W3, World Wide Web – бүкіләлемдік өрмек) - Интернеттегі гипермәтіндік ақпаратты іздеу жүйесі, кейде оны қысқартып Web деп те атайды. WWW негізінде HTTP (Hyper Text Transfer Protocol) - гипермәтінді тасымалдау хаттамасы жұмыс істейді.

WWW жүйесін 1989 жылы Тим Бернерс-Ли (Timothy John Berners-Lee) мен Роберт Кайо (Robert Cailliau) құрастырған. Сондай-ақ Тим Бернерс-Ли HTTP хаттамасы, URI/URL идентификаторы мен HTML технологиясының авторы болып саналады. Сонымен қатар, алғашқы Web–сервер мен браузерді де құрастырған [6].

1994 жылдан бастап жүйені Интернет консорциум (World Wide Web Consortium, W3C) дамытып келеді. Бұл консорциум негізінен Интернет және WWW жүйесі үшін бірыңғай технология мен стандарттарды дайындау және енгізумен айналысады. Ал осы стандарттарды есептеу техникасы мен бағдарламалық жабдықтама құрушы корпорациялар пайдаланады. Нәтижеде әр түрлі корпорациялардың техникалық және бағдарламалық өнімдері бір-бірімен үйлеседі. Сондықтан Интернет технологиялары ыңғайлы және әмбебап. Айта кетейік, Интернет консорциум өз технологиялары мен стандарттарын тегін таратады. Олардан кез-келген заңды немесе физикалық тұлға, ешқандай қаржылық міндетсіз пайдалана алады.

WWW жүйесінің мүмкіндіктері оның төменде көрсетілген құрамдас бөліктерімен сипатталады [7]:

- URL (Universal Resource Locator) – ықшамдалған ресурстар көрсеткіші;
- HTML (Hyper Text Markup Language) – гипермәтіндік белгілеу тілі;
- HTTP (Hyper Text Transfer Protocol) - гипермәтіндік ақпаратты тасымалдау хаттамасы;
- CGI (Common Gateway Interface) – жалпы шлюздік интерфейс.

WWW жүйесінде ақпарат Web-құжаттарда (гипермәтіндік) сақталады деп айтып өттік. Гипермәтіндік құжаттарда бірінен екіншісіне ауысу үшін гиперсілтемеден пайдаланады. Гиперсілтеме деп ішіне арнаулы код, яғни екпінді элемент (anchor) орналасқан мәтінді айтады. Сондай-ақ, гиперсілтеме келесі Web-құжатқа немесе осы Web-құжаттың басқа бір бөлігіне өтуге арналған белгіленген сөз. Гиперсілтеме мәтіннің ішінде асты сызылған сөз түрінде орналасқан. Егер курсорды сол сөздің үстіне әкеліп, тышқан пернесін шертсек, онда ол сілтеп тұрған басқа Web-құжатқа ауысамыз. Бұл құжаттар ағымдағы компьютерде немесе Интернеттегі кез келген Web–серверде орналасқан болуы мүмкін.

Web-құжаттарды браузер (browser) деп аталатын арнайы программалар өңдейді. Олар Web-құжаттарды мониторда бейнелеп, парақтап көру, оқу мүмкіндігін береді. Браузерлер ішінде Қазақстанда ең көп тарағандары Internet Explorer (Microsoft, 1995), Opera (Opera Software, 1994), Mozilla FireFox (Mozilla Corporation, 2004) және Google Chrome (Google Inc., 2008) болып саналады.

E-mail (Электрондық пошта). Электрондық пошта - желі қызметтерінің ішіндегі электрондық ақпарат алмасудың ең негізгісі. Электрондық пошта арқылы барлық құрылықтарда тұратын адамдар бір-біріне электрондық хаттар мен файлдар жібере алады. Электрондық поштаның жұмысы кәдімгі күнделікті өмірдегі поштаға ұқсас болғандықтан, оның жұмыс істеу үрдістерін меңгеру тұтынушылар үшін аса көп қиындық туғыза қоймайды. Оның негізгі айырмашылығы – физикалық нысандар емес, электрондық файлдар жіберіледі. Сонымен қатар, электрондық пошта географиялық адрестеуді емес, электрондық адресті қолданады. Электрондық поштаның адресі төмендегі түрде жазылады.:

тұтынушы_аты@домен_аты.

Мысалы: info@mail.ru, us-ibr@rambler.ru, us-ibr@nur.kz

Тегін пошталық серверлерге мысалдар:

- www.gmail.com
- www.mail.ru
- www.rambler.ru
- www.yandex.ru

- www.ok.kz
- www.nur.kz

FTP (File Transfer Protocol – файлдарды тасымалдау хаттамасы). Қашықта орналасқан компьютердің каталогтары және файлдарымен жұмыс істеуге арналған хаттама мен программа. FTP программалары FTP-сервердің каталогтары мен файлдарын көріп, олардың бірінен біріне ауысып, қажеттісін көшіріп алуға, тасымалдауға және жаңартуға мүмкіндік береді. Олардың жұмыс істеу үрдісі мен интерфейсі файл менеджерлерге ұқсас. Тіпті кейде олар файл менеджерлердің ішіне опция ретінде орнатылады.

Telnet (TErminaL NETwork – желілік терминал). Бұл атаумен клиенттің қашықта орналасқан Web-сервермен байланысын қамтамасыз ететін хаттама мен программаны айтады. Олардың арасында байланыс орнатылғаннан кейін, тұтынушы қашықтағы компьютердің амалдық жүйесіне кіріп, сол компьютерде орнатылған программалармен өз программалары сияқты жұмыс істей алады. Telnet қызметі негізінен telnet хаттамасынан пайдаланады, кейде басқа TCP деңгейіндегі хаттамаларға (транспорттық деңгей) тікелей байланыс жасау үшін TCP, FTP, IRC хаттамаларын да қолданады.

Usenet (User Network - тармақталған дискуссия клубы, телеконференция, жаңалықтар тобы). Бұл қызметтің электрондық поштадан айырмашылығы – жіберілген ақпаратты бір абономент ғана емес, бірнеше абоненттер тобы (телеконференция) алады. Әрбір телеконференция бір тақырыпқа (әлеуметтік, ғылым, өнер, жаңалық, хобби, спорт, т.б.) арналады және оның өзіндік атауы болады. Мұндағы қарастырылатын тақырыптар ауқымы өте кең және әр бағытта бола береді. Сондықтан, өте ауқымды тақырыптан тек қана бір ғана сұраққа дейін қамтылады. Тақырыптар иерархиялық құрылымға ие. Әртүрлі тақырыптарды талқылау кезінде телеконференцияға қатысушылар тең құқықты болып келеді.

Бүгінгі таңда Usenet он мыңнан астам дискуссиялық топтарды (NewsGroups) немесе телеконференцияларды құрайды. Сондықтан ол пікір алмасу құралы болып тұр. Телеконференцияларды бірнеше топтарға бөледі:

- news – телеконференцияларға байланысты мәселелер;
- comp – компьютерлер мен программалық жабдықтама;
- rec – хобби, ойын-сауықтар мен өнер;
- sci – ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- soc - әлеуметтік мәселелер;
- talk – спортқа байланысты мәселелер;
- misc – басқа мәселелер.

IRC (Internet Relay Chat) – нақты уақыт кезеңінде телеконференция өткізудің бір түрі, тұтынушылардың бір-бірімен әңгіме-дүкен құруға болатын қызметі. IRC-серверлері мен IRC-клиенттері көмегімен тұтынушылар бір-бірімен «виртуальды» әңгіме өткізуді пернетақтада сөздерді теру арқылы жүргізеді.

ISQ (I seek you – мен сені іздеймін) – желі тұтынушыларына нақты уақыт кезеңінде хат-хабарлармен алмасып, бірден чат (chat- әңгіме) құрып, файл жіберіп, әңгімелесуге мүмкіндік беретін қызмет түрі.

IP-телефония (ағылшынша VoIp, Voice over ip). Интернетте дыбыстық сигналдар арқылы ақпарат алмасуды ұйымдастыру қызметі. Ол тек IP хаттамасы негізінде ақпарат алмасудың жеке бір түрі. Дыбыс цифрлық түрге түрлендіріледі де, желідегі қарапайым ақпарат дестелері тәрізді тасымалданады.

Ағындық мультимедиа (stream media). Мультимедиа – бұл провайдерден тұтынушыға жеткізілетін үздіксіз ағындық ақпарат. Ағындық ақпарат деп телекоммуникация арқылы таралатын радио, телевидения және видео т.б. ақпаратты айтады. Жалпы, мультимедиа үлкен көлемді жадыны қажет етеді. Сондықтан оларды сақтау және тасымалдау шығыны үлкен.

Қазіргі таңда Интернеттің жоғарыда аталған сервистік қызметтері аясында жаңа қызмет түрлері кездеседі. Осы қызметтерді қысқаша қарастырайық.

Уики (wiki) – Web-сайттағы программа арқылы оның құрылымы мен контентін тұтынушылардың өздері өзгерте алатын қызмет. Мәтінді пішімдеу және оған әртүрлі нысандарды қосу мүмкіндіктері бар. Осы технология негізінде Уикипедия (Wikipedia) энциклопедиясы жобасы құрылған.

Web-форум - Web-сайттың тұтынушылары бір-бірімен пікір алмасатын қосымша, скрипт. Форумда ақпарат иерархиялық түрде - бөлімдер, тақырыптар, хабарлар болып бөлінеді. Тұтынушы администраторға немесе басқа тұтынушыларға хабарлар, ұсыныстар, жарнама жазуы мүмкін. Форум тақырыбын тұтынушылардың өздері таңдайды. Форумның қысқартылған нұсқасын қонақ кітабы деп атайды.

Блог (blog – Интернет-күнделік, онлайн-күнделік). Күнде жеке тұлға тарапынан ақпаратпен толықтырылып отыратын Web-сайт. Ақпарат ретінде қысқа жазбалар, яғни мәтін, сурет, аудио және видео қолданылады. Блог авторларын блоггер деп атайды. Блогтың кәдімгі күнделіктен

айырмашылығы оқырман өз пікірін, түсініктемесін жазуы немесе блоггермен дебатқа кірісуі мүмкін. Ең көп таралған блог-хостингдерге «LiveJournal» (АҚШ), Dirty.ru (Ресей), Blogger (Google Inc.), Twitter (АҚШ) жатады. Блогтар төмендегі түрлерге бөлінеді:

- авторы бойынша (дербес, ұжымдық, корпорациялық);
- тақырып бағыты бойынша (саясат, тұрмыс, саяхат, білім, мода, музыка, спорт, кино, денсаулық және т.б.);
- мультимедиа түрі бойынша (мәтіндік, фотоблог, артблог, блогкастинг, видеоблог, микроблог);
- контент ерекшілігі бойынша (контент-блог, мониторинг-блог, цитата-блог, спам-блог, dofollow-блог, фэйк-блог);
- техникалық негізі бойынша (автономды, блог-хостинг).

Интернет-дүкен (e-shop). Интернет желісі арқылы тауар сататын Web-сайт. Тұтынушыдан он-лайн режимінде тауарға сұраныс қабылдайды, рәсімдейді, төлем түрін және жеткізу жолын ұсынады.

Әлеуметтік желілер (social networking service) - Тұтынушыларды біріктіретін әлеуметтік қоғамдастық Web-сайттар. Әлеуметтік желілердің негізгі сипаттамалары:

- тұтынушыға жеке профиль береді; профильде нақты деректер (аты-жөні, суреті, туылған жылы, мекен жайы, жұмыс орны, т.с.с.) көрсетіледі;
- ақпарат алмасуға мүмкіндіктер береді (суреттер орналастыру, хабар жазу, түсініктеме беру, және т.б.):
- басқа тұнушылармен қарықатынас жасау (достасу, әлеуметтік топ құру, жеке хабарлармен алмасу және т.б.).

Әлеуметтік желілерге мысалдар:

- Facebook
- Twitter
- MySpace
- YouTube
- Вконтакте
- Одноклассники.ru
- Мой Мир
- В кругу друзей
- Мой Круг

Интернет-радио (Web-радио) - үздіксіз ағындық радиосигналдарды тарату қызметі. Сонымен қатар Web-радио деп ағындық радиосигналдарды таратушы радиостанцияларды айтады.

Интернет-телевидение (on-line TV, IP-TV - Internet Protocol Television, IP-телевидение) – IP хаттамасы негізінде таратылатын сандық телевидение технологиясы. Клиенттік құрылғы ретінде компьютер, медиа-плеер, SMART TV қолданылады.

Қазақстан Республикасы телекоммуникациясының ұлттық операторы болып саналатын «Қазақтелеком» ААҚ-ы iDTV (integrated digital television – енгізілген сандық телевидения) байланыс түрін қолданады.

Іздеу серверлері мен каталогтары – Web-интерфейсті программалық-техникалық кешен. Оның мақсаты тұтынушы сұранысы бойыншы Интернеттен ақпарат іздеу. Әдетте іздеу сервері дегенде, осы іздеу серверлері мен каталогтары орналасқан Web-порталды түсінеміз. Ал іздеу жүйесінің программалық бөлігін іздеу машинасы деп атайды. Іздеу серверлері мен каталогтарына мысалдар келтірейік.

Шет елдік іздеу серверлері мен каталогтары:

- www.google.com
- www.yahoo.com
- www.ask.com
- www.altavista.com
- www.msn.com

Ресейдің іздеу серверлері мен каталогтары:

- www.google.ru
- www.mail.ru
- www.yandex.ru
- www.rambler.ru
- www.aport.ru

Қазақстанның іздеу серверлері мен каталогтары:

- www.google.kz
- www.yandex.kz
- www.qazaq.kz/izdew.php
- www.catalog.site.kz
- www.resurs.kz
- www.catalog.tabu.kz
- www.zero.kz
- www.poisk.kz
- www.catalog.desk.kz
- www.kazakh.ru
- www.catalog.awstudio.kz

1.4 OSI эталондық үлгісі мен TCP/IP хаттамасы

1984 жылы ISO (International Standards Organization) ұйымы ашық жүйелердің өзара қарым-қатынасынынң эталондық үлгісін OSI (Open System Interconnection basic reference model) ұсынған болатын. Содан бері ол Интернет ащық жүйесінің халықаралық стандартына айналып отыр. Желілік өнімдерді шығаруда корпорациялар осы стандарттан кең пайдаланады. Сондықтан бұл бөлімде осы OSI эталондық үлгісін қарастырайық.

OSI эталондық үлгісі жүйелердің қарым-қатынасының әртүрлі деңгейлерін анықтап, әрбір деңгейдің функционалдық мүмкіндіктерін көрсетеді. Сондай-ақ әрбір деңгейге спецификациялар тағайындайды. Ашық жүйелерді құру барысында спецификацияларды пайдалану, осы жүйелер үшін әртүрлі техникалық және бағдарламалық құрал-жабдықтарды кешенді түрде жасайтын корпорацияларға жаңа типтегі өнімдерді құрастыруға және дамытуға жол ашады. Жалпы, нақты жүйелер үшін толық ашықтық қол жетпейтін идеал болып саналады. Әдетте, ашық деп аталатын жүйелердің өздерінде де, ашықтық ұғымы, осы жүйелердің сыртқы интерфейстерді қолдайтын кейбір бөлімдеріне ғана қатысты. Мысалы, UNIX амалдық жүйесінің туыстарының ашықтығы, барлығынан бұрын, ядро мен қосымшалар арасындағы стандартты бағдарламалық интерфейске негізделген. Мұндай ашықтық қосымшаларды Unix-тің бір версиясынан екіншісіне жеңіл көшіруге жағдай жасайды.

OSI эталондық үлгісі бойынша өзара қарым-қатынас құралдары жеті деңгейге бөлінеді (жоғарыдан төменге):

- қолданбалы (application);
- ұсыну (presentation);
- сеанстық (session);
- транспорттық (transport);
- желілік (network);
- арналық (data link);
- физикалық (physical).

Әдебиеттерде OSI эталондық үлгісі деңгейлерін жетінші деңгейден бастап сипаттау қалыптасқан [8, 9]. Ең жоғарғы 7-ші деңгей қолданбалы деп аталады, ал ең төменгісі, яғни 1-ші деңгей физикалық деп аталады. OSI эталондық үлгісі деңгейлерінің функциялары төмендегі 1-кестеде берілген.

Кесте 1 - OSI деңгейлерінің функциялары

деңгей (layer)	**функциялары**
қолданбалы	желілік қызметтерге қолжетімділік
ұсыну	деректерді ұсыну және шифрлау
сеанстық	байланыс сеансын басқару
транспорттық	соңғы торап нүктесімен тікелей байланыс

	және сенімділік
желілік	маршрутты анықтау және логикалық адрестеу
арналық	физикалық адрестеу
физикалық	тасымалдау ортасымен, сигналдармен және екілік деректермен жұмыс жасау

OSI үлгісінің әр деңгейінің өзінің хаттамалары бар. Әрбір хаттама өз деңгейіндегі немесе бір деңгей жоғары немесе төменгі деңгейдегі хаттамалармен өзара әрекеттеседі. Өз деңгейіндегі хаттамалармен қарым қатынасын горизонталь, ал бір деңгей жоғары немесе төменгі деңгейдегі хаттамалармен қарым қатынасын вертикаль өзара әрекеттесу деп атайды.

OSI үлгісінің кез келген хаттамасы тек қана өз деңгейінің функциясын атқарады. Олар басқа деңгейдегі хаттамалардың немесе басқа альтернативті үлгідегі хаттамалардың функциясын орындамайды. Сол сияқты, әрбір деңгейдің өз деректер типі анықталған. Хаттамаларда тек қана осы деректер типімен, яғни деректердің логикалық бөлінбейтін элементімен ғана жұмыс орындалады. Физакалық деңгейде ең кіші элемент ретінде – бит, арналық деңгейде – кадр, желілік деңгейде – пакет (датаграмма), транспорттық деңгейде – сегмент анықталған. Сол сияқты, деректердің кез келген фрагменті, яғни кадр, пакет, сегмент - хабар түрінде анықталады. Осы хабар - сеанстық, ұсыну және қолданбалы деңгейлердің деректер типі болып саналады (2-кесте). Базалық желілік технологиялар ретінде физикалық және арналық деңгейлер алынады.

Кесте 2 - OSI деңгейлерінің деректер типі

деңгей	**деректер типі**
қолданбалы	хабар
ұсыну	хабар
сеанстық	хабар
транспорттық	сегмент
желілік	пакет (датаграмма)
арналық	кадр
физикалық	бит

Әрі қарай, осы деңгейлерді жеке-жеке қарап шығайық (сурет 2).

Қолданбалы деңгей (application layer). OSI үлгісінің ең жоғарғы деңгейі, ол тұтынушы қосымшаларының желімен өзара қарам-қатынасын анықтайды. Бұл деңгей тұтынушы қосымшаларын тікелей қолдап, олардың желілік қызметтерді пайдалануын, алыстағы деректер қоры мен файлдарға тікелей қолжетімділікті, электрондық поштаны тасымалдауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қызметтік түрдегі ақпараттың тасымалдануына жауап береді, қосымшаларға қателер туралы ақпаратты жеткізеді, ұсыну

деңгейіндегі хаттамаларға сұраныстар ұйымдастырады. Төменде орналасқан деңгейлер қолданбалы деңгейдің сұраныстарын орындайды. Қолданбалы деңгей қосымшалардың желі ресурстарына жалпы енуін, деректер ағындарын, қателерді өңдеуді басқарады. Қолданбалы деңгейдегі деректер әдетте хабарлар деп аталады. Қолданбалы деңгейдегі хаттамаларға HTTP, SMTP, POP3, FTP, TELNET т.б. жатады.



Сурет 2 – OSI үлгісінің деңгейлері

*Ұсыну деңгейі (presentation layer)***.** OSI үлгісінің бұл деңгейі деректерді түрлендіру форматтары мен оларды шифрлау-дешифрлау хаттамаларын анықтайды. Қолданбалы деңгейдегі қосымшалардан алынған сұраныстарды желідегі тасымалдау форматтарына түрлендіреді, ал желіден алынған деректерді қоымшалардың форматтарына түрлендіреді. Осы деңгейде деректерді сығу және ашу немесе шифрлау және дешифрлау орындалады. Сол сияқты, сұраныстар өңделмейтін болса, оларды басқа желілік ресурстарға қайта жібереді. Сондықтан бұл деңгейді аудармашы десек те болады.

Ұсыну деңгейі көрші деңгейлер үшін ақпаратты түрлендірудің аралық деңгейі болып есептеледі. Қолданбалы деңгейден түскен деректер осы деңгейде жалпыға бірдей аралық формат түріне көшіріледі. Тасымалдану орындалғасын деректер аралық форматтан қолданбалы деңгейдегі форматқа қайта түрлендіріледі. Ұсыну деңгейі хаттамаларды түрлендіруге, деректерді тсымалдауға, оларды шифрлауға, шифрден шығаруға,

қолданылатын символдар кодын ауыстыруға қатысады. Сонымен қатар, тасымалданатын биттер санын азайту үшін деректерді сығуға да қатысады.

Осы айтылғандарды түсіну үшін, айталық, екі желі берілген болсын. Біреуі EBCDIC – ақпаратты алмасу үшін кеңейтірілген екілік кодын пайдалансын. Әдетте IBM мэйнфреймі осы кодтан пайдаланады. Екіншісі ASCII – ақпаратты алмасудың американдық стандарт кодын пайдалансын. Бұл кодты көптеген корпорациялардың дербес компьютерлері қолданады. Егер осы екі желі арасында ақпарат алмасу қажеттілігі туындаса, онда деректердің форматтарын түрлендіреді, яғни бірінен-біріне өткізеді. Сол сияқты, бір желіде графикалық стандарт формат ретінде TIFF (Tagged Image File Format) алынған, ал екіншісінде JPEG (Joint Photographic Expert Group) болуы мүмкін. Мұндай жағдайда графикалық форматтар түрлендірілуі тиіс.

Ұсыну деңгейдегі хаттамаларға AFP (Apple Filing Protocol), ICA (Independent Computing Architecture), LPP (Lightweight Presentation Protocol), NCP (NetWare Core Protocol), NDR (Network Data Representation), XDR (eXternal Data Representation), X.25 PAD (Packet Assembler/Disassembler Protocol) жатады.

Сеанстық деңгей (session layer). Бұл деңгей әртүрлі компьютерлердегі екі қосымша үшін сеанс деп аталатын қосылысты құрады, байланыстырады және осы байланысты ұзақ уақыт сақтайды. Деңгей сеансты құру және аяқтауды, ақпарат алмасуды басқарады. Осы деңгейде тұтынушылар сұраныстарын деректер ағындарының арасына бақылаушы нүктелер қою арқылы синхронизациялау жүзеге асырылады. Желілік қателік туған жағдайда, соңғы бақылау нүктесінен кейін орналасқан деректерді ғана қайта жібереді. Сонымен қатар, осы деңгейде өзара әсерлесетін үрдістер арасында интерактивтивтік басқару, яғни жіберу қай жақтан орындалып жатқандығы, қашан және қанша уақытқа созылатындығын анықтау амалға асырылады.

Сеанстық деңгейдегі хаттамаларға ADSP (AppleTalk Data Stream Protocol), ASP (AppleTalk Session Protocol), H.245 (Call Control Protocol for Multimedia Communication), ISO-SP (OSI Session Layer Protocol (X.225, ISO 8327)) т.б. хаттамалары жатады.

Транспорттық деңгей (transport layer). OSI үлгісінің бұл деңгейі деректерді жіберушіден қабылдаушыға дейін жеткізуді қамтамасыз етуге арналған. Жіберушіден қабылдаушыға барар жолда деректер өзгеруі, типті жоғалып кетуі мүмкін. Сондықтан деңгей деректердің жоғалмай, қайталанбай, қатесіз жетуін сенімді түрде қамтамасыз етеді. Бұл жерде сенімділік кең мағыналы болуы мүмкін. Транспорттық деңгейдің хаттамалары көптеген сыныптарға бөлінеді. Кейбіреулері тек қана негізгі функциясын атқарады, яғни деректерді тек жеткізіп береді, оның қабалданғанын тексермейді. Ал кейбір хаттамалар сыныбы деректерді жеткізуге толық кепілдік береді. Бұл деңгейде ұзын хабарлар бірнеше

пакеттерде бөлінеді, ал қысқалары бір пакетке біріктіріледі. Бұл пакеттердің желі бойынша тиімді тасымалдануына қажет болады. Қабылдаушы компьютер пакеттерді ашып, алғашқы қалпына келтіреді де, олардың дұрыс жеткендігі жайлы сигналдар жіберіледі. Сондай-ақ транспорттық деңгей деректер ағындарын басқарады, қателерді тексереді, пакеттерді жіберу мен қабылдауда туатын мәселелерді тиімді шешеді.

Транспорттық деңгейдегі хаттамаларға ATP (AppleTalk Transaction Protocol), CUDP (Cyclic UDP), DCCP (Datagram Congestion Control Protocol), FCP (Fiber Channel Protocol), NBF (NetBIOS Frames protocol), NCP (NetWare Core Protocol), SCTP (Stream Control Transmission Protocol), SPX (Sequenced Packet Exchange), SST (Structured Stream Transport), UDP (User Datagram Protocol) хаттамалары кіреді.

*Желілік деңгей (*network layer*).* Бұл деңгей деректерді тасымалдау жолдарынын анықтауға арналған. Деңгей логикалық адрестер мен атауларды физикалық адрестер мен атауларға алмастырады. Нақты желілік шарттарға, мысалы, қызметтер приоритетіне және басқа факторларға байланысты жіберуші мен қабылдаушы компьютерлер арасындағы қысқа маршруттарды анықтайды. Сондай-ақ, пакеттерді коммутациялау, бағыттау сияқты желілік трафикке байланысты туатын мәселелер де осы деңгейде өз шешімін табады. Егер бағыттаушы желілік адаптер (маршрутизатор) деректердің үлкен бөліктерін жібере алмаса, онда осы деңгейде ол бөліктер бөлшектенеді. Ал қабылдаушы компьютер оларды жинақтап, алғашқы қалпына келтіреді. Осы деңгейде жұмыс істеуші бағыттаушы желілік адаптерлер шартты түрде үшінші деңгейдегі құрылғылар (деңгейдің OSI үлгісіндегі нөміріне байланысты) деп аталады.

Желілік деңгейдегі хаттамаларға IP/IPv4/IPv6 (Internet Protocol), IPX (Internetwork Packet Exchange), IPsec (Internet Protocol Security) хаттамалары жатады.

*Арналық деңгей (*data link layer*).* OSI үлгісінің бұл деңгейі желілердің өзара қарым-қатынасын физикалық деңгейде амалға асырады және пайда болатын қателіктерді қадағалайды. Физикалық деңгейден алынған биттерді кадрға біріктіріп, бүтіндігін тексереді. Егер қателік табылса, сол кадрды қайтадан құрады. Солай құрылған кадрларды желілік деңгейге жібереді. Жіберу барысында бұзылған немесе оларды қабылдаған жайлы хабар түспеген кадрлар қайта жіберіледі. Жалпы, кадр - деректерді орналастыруға арналған логикалық ұйымдасқан құрылым. Бұл желілік деңгейге деректерді жіберуді желілік бірігу арқылы қатесіз оқуға мүмкіндік жасайды. Көбінесе бірнеше өзара қарым-қатынас жасайтын компьютерлер бөліп пайдаланылатын желілерде, физикалық тасымалдау ортасы бос болмауы мүмкін екендігі есепке алынбайды. Сондықтан да арналық деңгейдің мақсаттарының бірі тасымалдау ортасының бостығын анықтау болып табылады. Осы деңгейде жұмыс істеуші коммутаторлар, көпірлер т.б. шартты түрде екінші деңгейдегі құрылғылар (деңгейдің OSI

үлгісіндегі нөміріне байланысты) деп аталады. Дегенмен, әр түрлі топологиялы желілерде хабарларды сапалы тасымалдау үшін арналық деңгейдің функциясы жеткіліксіз. Сондықтан OSI эталондық үлгісінде бұл мәселе келесі желілік және транспорттық деңгейлерге жүктеледі.

Арналық деңгейдегі хаттамаларға CAN (Controller Area Network), Econet, Ethernet, EAPS (Ethernet Automatic Protection Switching), FDDI (Fiber Distributed Data Interface), PPP (Point-to-Point Protocol), PPPoE (Point-to-Point Protocol over Ethernet) т.б. хаттамалары кіреді.

*Физикалық деңгей (*physical layer*).* Ең төменгі физикалық деңгей сигналдарды тасымалдауға арналған. Физикалық деңгей өзінен жоғары жатқан барлық деңгейлерден түсетін деректерді тасымалдайды. Бұл деңгейде құрылымдық емес деректер, яғни биттер ағындары физикалық орта арқылы, мысалы, желілік кабель, радиоэфир арқылы тасымалданады. Сондай-ақ, желілік тасымалдаушы мен желілік құрылғы интерфейстері арасында электрлік, толқындық, оптикалық, механикалық және функционалдық байланыс орнатылады.

Сонымен, физикалық деңгей бір компьютерден екіншісіне биттерді жіберуге арналған. Биттердің мазмұнының бұл деңгейге қатысты жоқ. Физикалық деңгей желілік кабель арқылы жіберілетін әрбір биттің ұзақтығын және оның сәйкес электрлік немесе оптикалық импульсқа көшуін айқындайды. Бұл деңгейде разъемдердің типтері, концентраторлар, сигналдарды қайтарушы және медиаконверторлар анықталады. Жалпы, физикалық деңгей желіге жалғанған барлық құрылғыларда қолданылады. Компьютерде физикалық деңгей функциясын желілік адаптер немесе тізбектелген порттар атқарады.

Физикалық деңгейдегі хаттамаларға IEEE 802.15 (Bluetooth), IRDA, EIA RS-232, EIA-422, EIA-423, RS-449, RS-485, DSL, ISDN, SONET/SDH, 802.11 Wi-Fi, Etherloop, GSM Um radio interface, ITU-T, TransferJet, ARINC 818, G.hn/G.9960 жатады.

Әрі қарай TCP/IP хаттамасын (Transmission Control Protocol / Internet Protocol) қарастырайық. TCP/IP хаттамасы Интернетте қолданылады кең қолданылады. Бұл хаттама ашық жүйеге негізделген және жоғарыда қарастырған OSI үлгісінің жүйелік архитектурасына сәйкес келеді.

TCP/IP хаттамасы әртүрлі орталы байланысты қамтамасыз ететін хаттамалар тобынан тұрады, яғни әртүрлі типті компьютерлер арасындағы үйлесімділікті орнатады. Бұл дегені, TCP/IP хаттамалар тобы кез келген есептеу палатформасында, кез келген амалдық жүйеде, кез-келген компьютер моделінде жұмыс істейді. Бір сөзбен айтқанда, TCP/IP хаттамалары арқылы кез-келген компьютерді желіге қосуға болады. TCP/IP хаттамалары бір-бірімен стекте (stack) жұмыс жасайды, яғни жоғарғы деңгейде жұмыс жасаушы хаттама төменгі деңгейдегі хаттамаларды өз ішіне алады (инкапсуляция). Сонымен қатар TCP/IP

хаттамалары Интернет ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді және желі үшін өнеркәсіп аумағындағы бағыттаушы хаттама болып есептеледі. Көбінесе TCP/IP желіаралық хаттама ретінде кең пайдаланылады. Сондықтан TCP/IP желілік қарым-қатынас жасаудың стандартына айналып отыр.

TCP/IP хаттамалар стегі, OSI эталондық үлгісі сияқты деңгейлерге бөлінеді. Тек қана бұл жерде деңгеңлер саны төртеу (жоғарыдан төменге):

- қолданбалы (application);
- транспорттық (transport);
- желілік (network);
- арналық (data link).

Осы дейгейлердің хаттамалары OSI эталондық үлгісінің функционалдық мүмкіндіктерін толық атқарады. TCP/IP хаттамалар стегінде IP-желісіндегі барлық тұтынушылардың қарым-қатынасы құрылады. Стек деректердің физикалық таралу ортасына байланысты емес.

Әрбір деңгей өзінің функционалдық жүктемесін орындайды. Әрі қарай осы деңгейдерді қарап шығайық.

Арналық деңгей (link layer). Бұл деңгейді кейде желілік интерфейс деңгейі деп те атайды. Оған компьютердегі желілік тақша мен амалдық жүйедегі сәйкес құрылғы драйвері жатады. Олар қосыла отырып, компьютердің желімен физикалық байланысының техникалық жабдықтамасын құрайды.

Арналық деңгейдегі хаттамаларға Ethernet, IEEE 802.11 Wireless Ethernet, SLIP, Token Ring, ATM және MPLS жатады.

Желілік деңгей (network layer). Бұл деңгейді кейде желіаралық қарым қатынас деңгейі деп те атайды. Ол пакеттерді желі бойынша таратумен айналысады. Пакеттерді маршруттарға бөлу осы деңгейде амалға асырылады.

TCP/IP хаттамалар стегіндегі пакеттерді коммутациялау қағидасы тасымалданатын деректерді бірнеше шағын пакеттерге бөлуден тұрады. Пакеттер біріне бірі тәуелсіз, тек қана өзіне тән қасиеті бар байланыс арналары арқылы, жылдам тасымалданатын етіп ұйымдастырылады. Әрбір пакет баратын орнына тек өз маршруты бойынша жеткізіледі. Қабылдау орнында пакеттер қайтадан біртұтас дерекке біріктіріліп, өз иесіне, яғни арналған адресатына берілуі тиіс.

Сондай-ақ, желінің жұмыс істеуін сенімді басқару мақсатында, оларды бір орталықтан басқармай, барлық түйінді компьютерлер бірдей, тең құқықты етіп жасалады. Яғни әрбір желі торабындағы компьютер, деректерді қабылдау/жіберу істерін атқарумен қатар, басқа тораптардан келіп түскен хабарларды әрі қарай жөнелту кезінде, оларды басқаша адрестеу ісін де жүргізе алады.

Желілік деңгейдегі хаттамаларға IP (Internet Protocol), ICMP (Internet Control Message Protocol) және IGMP (Internet Group Management Protocol) хаттамалары кіреді.

Транспорттық деңгей (transport layer). TCP/IP хаттамалар стегіндегі бұл деңгей екі компьютер арасындағы деректер ағынының тасымалдынуы мен қолданбалы деңгейдің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. TCP/IP хаттамалар тобында екі транспорттық хаттама бар: TCP (Transmission Control Protocol) және UDP (User Datagram Protocol).

TCP хаттамасы екі компьютер арасында деректер ағынын сенімді түрде тасымалдайды. Деректер желілік деңгей мүмкіндігіне қарай пакеттерге бөлінеді, пакеттердің қабылданғаны туралы хабар келетін тайм-аут уақыты орнатылады. Осы деңгейде деректер ағыны сенімді жеткізілгендіктен, қолданбалы деңгейде сенімділік мәселесі қаралмайды.

UDP хаттамасы қарапайым жұмыс атқарады. Бұл хаттамада деректер датаграмма (datagram) деп аталатын пакеттерде жібереді, бірақта олардың қабылданғаны туралы хабарды күтпейді. Дегенмен бұл хаттаманы да пайдаланатын қосымшалар бар. Сондықтан сенімділік мәселесі қолданбалы деңгейге жүктеледі.

Қолданбалы деңгей (application layer). Бұл деңгейде негізінен Интернеттің әр түрлі қызметтері, сервистері жұмыс істейді. Бұл қызметтердің деректерді тасымалдайтын меншікті хаттамалары бар, мысалы, WWW қызметі үшін HTTP хаттамасы, файлдарды тасымалдау үшін FTP хаттамасы, электрондық пошта үшін SMTP хаттамасы, қашықтықтағы терминал үшін Telnet хаттамасы, қашықтағы компьютермен қауіпсіз байланыс үшін SSH хаттамасы және т.б.

Бұл деңгейдегі хаттамалардың көпшілігі компьютердің нақты портына біріктіріліп қойылған, мысалы:

- HTTP хаттамасына, порт 80 немесе 8080;
- FTP хаттамасына, порт 20 (деректерді жіберу үшін) және 21 (басқару нұсқаулары үшін);
- SSH хаттамасына, порт 22.

    <frame src="info1.html" name="page1" marginwidth="0">
      <frameset cols="20%,*">
       <frame src="info2.html" name="page2" marginwidth ="1">
       <frame src="info3.html" name="page3" marginwidth ="1">
      </frameset>
  </frameset>
  <frame src="info4.html" name="page4">
```

<noframes> сіддің браузер фреймді көрсетпейді </noframes>
</frameset>

Браузер терезесінде келесі фреймдер пайда болады (сурет 14):



Сурет 14 – төрт фреймді терезе

3.4 Web-құжаттың интерактивтік интерфейсі

CGI (Common Gateway Interface) технологиясы Web-сервер мен клиенттік компьютер арасында деректер алмасуды ұйымдастыруға арналған. Web-сервер клиенттік компьютерден алынған деректерді арнайы бағдарлама (cgi-модуль) көмегінде өңдеп, нәтижені клиенттік компьютерге қайтарады. Сонымен қатар, CGI технологиясы ешқандай тілге тәуелді емес, яғни әмбебап. Сондықтан CGI технологиясы арқылы Web-сервермен кез келген бағдарламалау тілінде жазылған бағдарлама байланыса алады.

В 1993 жылы WWW жүйесінде Web-сервер құрастырушылар арасында тұтынушының интерактивтік интерфейсін құру мәселесі көп талқыланады. Осы талқылауға қатысқандар: NCSA HTTPD серверінің авторы Роб Мак-Кул (Rob McCool), GN серверінің авторы Джон Франкс (John Franks), HTTPD CERN серверінің авторы Ари Luotonen (Ari Luotonen), Plexus серверінің авторы Тони Сандерс (Tony Sanders) және Британдық Колумбия университеті серверінің негізін қалаушы Джордж Филлипс (George Phillips). Осы талқылау нәтижесінде кейбір келісімдер жасалып, CGI технологиясы пайда болды.

Әдетте, Web-серверден алынған деректерді CGI-модуль Web-құжаттың HTML-кодына генерациялайды. Сосын осы HTML-код тұтынушының

сұранысына жауап ретінде тұтынушы компьютеріне қайтарылады. Мысалы, тұтынушы «Интернет туралы кітаптарды табу» сұранысын берді дейік. Осы сұранысқа жауап ретінде, CGI-модуль деректер қорынан барлық кітаптар тізімін құрастырады да, тізімді Web-серверге қайтарады. Ал Web-сервер өз кезегінде тізімді HTML-кодына өткізіп, тұтынушыға жібереді. Сонымен, тұтынушы «Интернет туралы кітаптарды табу» сұранысына жауапты Web-серверден алады. Тұтынушы браузерінде кітаптар тізімі пайда болады.

CGI-модуль Web-серверде арнайы каталогта сақталады, мысалы, "http: //my- Web-site-name.kz/ cgi-bin /script.cgi". Web-құжаттан CGI-модульге параметрлер екі әдіс бойынша жіберіледі (Web-сервер арқылы): GET және POST.

GET әдісінде параметр URL-адресте беріледі. Әдетте, іздеу серверлері, мысалы, Google, Yandex осы әдістен пайдаланады. Мысалы, тұтынушыға Web-құжат пайдаланатын тілді анықтау үшін мынадай өрнек қолданылады:

"http://my-Web-site-name.kz/cgi-bin/script.cgi?lang=kz"

Бұл жерде тілдің атауы URL қатарында "?" белгісінен кейін, "параметр=мән" түрінде беріліп отыр; "lang=kz". Егер параметрлер көп болса, онда олар "&" белгісімен бөлектенеді. Праметрлерге CGI-модульде талдау жасалып, генерациялау нәтижесі браузерге жіберіледі.

Кейбір жағдайларда GET әдісін пайдалану қауіпсіз емес. Мысалы, тұтынушы реквизиттерін (логин мен пароль) жіберуде осы әдісті қолдансақ, онда

"http://my-Web-site-name.kz/cgi-bin/script.cgi? username=shymkent&
password=usa01"

Бұл қатар URL-адрес болып есептеледі, сондықтан ол Web-серверде log-файлда сақталып қалады. Ал онда тұтынушы реквизиттерін әр түрлі бағдарламалар пайдаланып кетуі мүмкін.

POST әдісінде параметрлер HTML тілінде қалыпты құру тэгінен пайдаланады. Мысалы:

```
<form method="post" action="/cgi-bin /script.cgi">
<input type="text" name="shymkent" value="usa01">
<input type="submit" value="ok">
</form>
```

Көрсетілген мысалда тұтынушы реквизиттері сұраныстың ішінде беріледі. Қауіпсіздік мәселесі бойынша GET әдісінен тиімді, дегенмен деректер ашық арнамен жіберілетінін ескерген жөн.

Жалпы, CGI технологиясы тұтынушының интерактивтік интерфейсін құрумен тығыз байланысты.

Тұтынушының интерактивтік интерфейсі - тұтынушы мен Web-құжаттың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыратын интерфейс. Интерфейс WWW жүйесінде HTML-құжаттардың тізбегі түрінде анықталады [10].

Интерактивтік интерфейсті HTML-құжатты құрастыру үрдісі бойынша шартты түрде екі түрге бөлуге болады: статикалық және динамикалық. Статикалық интерфейс ретінде қарапайым HTML-құжатты айтамыз. Әдетте бұл интерфейс жұмыс барысында тұрақты түрін сақтайды. Динамикалық интерфейсте HTML-құжатқа арнайы бағдарлама коды (CGI-модуль) енгізіліп, ол Web-серверде орындалады. Нәтижеде тұтынушы интерфейсі жұмыс барысында түрленіп отырады.

Сонымен, WWW жүйесі үшін интерактивтік интерфейс анықтамасын төмендегі түрде анықтайды. Тұтынушының интерактивті интерфейсі - деп статикалық немесе динамикалық түрде құрылған, деректер алмасуға арналған Web-құжатты айтады. Іс жүзінде тұтынушы компьютері мен Web-сервер арасында деректер алмасатын кез-келген Web-құжат интерактивтік интерфейс құрумен байланысты. Интерактивтік интерфейс мәселеріне SQL-сервермен байланысу, деректер қорымен байланыс жасау, перифериялық құрылғылардан ақпарат алу немесежіберу, клиенттік компьютермен байланыс орнату, электрондық поштадан пайдалану т.с.с. жатады. Бұл айтылғандардың барлығы CGI технологиясын пайдалану арқылы орындалады.

Жалпы, Web-құжатта тұтынышының интерактивтік интерфейс құру үрдісі негізгі екі бөлімнен тұрады (сурет 15):

- клиенттік бөлім;
- серверлік бөлім.



Сурет 15 - Тұтынушының интерактивтік интерфейсі

Клиенттік бөлім. Интерактивтік интерфейстің клиенттік бөлімін құру үшін тұтынушы интерфейсі сипатталған HTML-құжат құру қажет. Ол HTML тілінде қалыпты құру тэгінен пайдаланамыз. Әдетте қалыптан тұтынушыны тіркеуде, әр-түрлі мәліметтер жинауда, сұранысты қабылдауда пайдаланады. Қалып тұтынушыға арнайы тек толтыруға рұқсат етілген өрістерге деректер енгізуді ұсынады. Енгізілген деректерді WWW-сервердегі арнайы программа (cgi-модуль) өңдейді. HTML 4.0 тілінің қалыптармен жұмыс істейтін тэгтерін қарастырайық. Оларға төмендегі тэгтер жатады: <form>, <textarea> (text area), <select>, <option> және <input>.

Серверлік бөлім. Серверлік бөлім клиенттік бөлімнен түсетін деректерді өңдеу сұранысын орындаушы модульден тұрады. Ол HTML тілінде жауапты өңдейді. Мұндай модуль cgi-модуль деп аталады. HTML-құжат WWW-сервермен «клиент-сервер» байланыста болуы үшін, олардың өзара қандай HTTP әдісті пайдалануын анықтау қажет. Жалпы алғанда, сұраныс – бұл клиенттің серверге жіберген хабарлары.

WWW-сервер – бұл желі тұтынушыларына серверде орналасқан гипермәтіндік құжаттарды пайдалану мүмкіндігін беретін бүкіләлемдік немесе корпоративтік желінің бір бөлігі. Тұтынушы қашықтағы WWW-сервермен байланысу үшін браузер программасы қажет. Браузер программасы монитор экранында гипермәтіндік құжаттарды URL-адрес бойынша тікелей бейнелеп, алдыңғы немесе келесі парақты оқу, HTML-кодты көру, баспаға шығару т.б. іс-әрекеттерді орындайды.

Web-сервердің жұмыс үрдісін қарап шығайық [4]:

1.Тұтынушы клиенттік компьютердегі браузерді жұмысқа қосады. Клиенттік компьютер міндетті түрде желіге жалғанған болуы тиіс. Содан соң браузер төмендегі функцияларды іске асырады (сурет 16):

- WWW-сервермен HTTP хаттамасы арқылы байланыс жасайды;
- көрсетілген URL-адрестері бойынша Web-сайтты іздейді (іздеу машиналары арқылы);
- табылған Web-сайтты монитор экранында бейнелейді (интерпретациялау);
- тұтынушының монитор экранындағы Web-сайтқа тиісті клиенттік іс-әрекеттерін міндетті түрде орындайды (манипуляциялау);
- тұтынушыға браузер программасының ішкі сервистік қызметтерін ұсынады;
- WWW-серверге тұтынушы сұранысын дестелеп коммутациялау технологиясы әдісімен жібереді.



Сурет 16 - Клиенттен серверге сұраныс жіберу

2.WWW-сервер тұтынушы сұранысын CGI технологиясы арқылы орындап, нәтижені HTML-коды түрінде клиенттік компьютердегі браузерге HTTP хаттамасы арқылы қайта жібереді (сурет 17).



Сурет 17 - Серверден клиентке нәтижені қайтару

3.Клиенттік компьютердегі браузер HTTP хаттамасы арқылы жіберілген HTML-кодты қабылдап, монитор экранында форматтап бейнелейді және тұтынушының келесі нұсқауларын күтеді. Тұтынушының нұсқаулары төмендегі түрде болуы күтіледі:

- Браузердің адрестік қатарына жаңа Web-сайттың URL-адрестерін енгізеді;
- ағымдағы Web-сайтта контентті іздеу, масштабтау, баспаға шығару, скриптті орындауға рұқсат беру және т.б. іс-әрекеттер жасайды (манипуляциялау);
- ағымдағы Web-сайтта гиперсілтеме арқылы басқа Web-сайтпен байланыс орнатады.

Ескерту: Бұл жерде бірінші және үшінші жағдайларда әр-түрлі құжат қолданылады.

4 CSS технологиясы

4.1 CSS технологиясының синтаксисі

CSS технологиясының пайда болуы. CSS каскадты стильдер технологиясы W3C Интернет консорциумы ұсынған «Web стандарттары» деп аталатын технологиялардың бірі болып есептеледі.

1990 жылдары барлық браузерлердің Web-сайттарды бейнелеуде өз стильдері болды. XML және HTML тілдері осы жылдары қарқынды дамыды және сол кездегі ақпаратты бейнелеу мен рәсімдеу үшін жеткілікті болды.

1990 жылдардың ортасында бағдарламашы мен Web-дизайнерлер үшін Web-сайттарды жобалауда бірыңғай ережелерден пайдалану қажеттігі туындады. Осылай HTML тілімен қатар CSS технологиясы пайда болды [11].

1994 жылы Хокон Виум Ли (Håkon Wium Lie, Норвегия) «каскадты стильдер кестесі» терминін ұсынды және Берт Боспен (Bert Bos) бірге осы технологияны дамытты. Бұл технологияның басқа стильдерден негізгі ерекшелігі – стильдерді сипаттауда мұрагерлік қасиетінен пайдаланылған, яғни бағдарламашы жаңа стильдерді құруда өзінің алдыңғы стильдерінен пайдалана алады.

Бұл технологияны одан әрі дамытуға W3C Интернет консорциумы қызығушылық танытып, 1996 жылы CSS1 спецификациясын ұсынды. Ал 1998 жылы өңделген және толықтырылған CSS2 спецификациясы шықты [12].

2011 жылы 7 июньда W3C консорциумы CSS2 спецификациясының орнына CSS 2.1 спецификациясын ұсынды. Қазіргі таңда Интернеттегі барлық Web-сайттар осы спецификацияға өту және қолдану қажеттігі туындап отыр.

Синтаксис. CSS 2.1 спецификациясының синтаксисі CSS стильдер кестесінің алдыңғы версияларын да өз ішіне алады. Сонымен қатар, CSS технологиясының келешекте құрылатын жаңа версияларында да осы синтаксистің ядросы сақталатыны анық, тек қана жаңа синтаксистік құрылымдар қосылуы мүмкін. Мұның барлығы Web-дизайнерлерге кез келген гипермәтіндік құжатты синтаксистік талдау мүмкіндігін береді. Дизайнерлер стильдер кестесін құруда өзіне таныс емес стиль қасиеттерін де пайдалана алады.

Белгілер (Labels). CSS стильдер кестесін лексикалық талдау деңгейіне қарасақ, ол белгілер тізбегінен тұрады. Белгілердің анықтамасында регуляр өрнектер Lex-стилінде жазылады. Сегіздік санақ жүйесіндегі кодтар ISO 10646 стандартымен анықталады. Төмендегі кестеде CSS спецификациясында кездесетін белгілер тізімін келтіреміз (кесте 1) [12].

Кесте 1 – CSS белгілері мен анықтамасы

белгі	анықтамасы
IDENT	{ident}
ATKEYWORD	@{ident}
STRING	{string}
INVALID	{invalid}
HASH	#{name}
NUMBER	{num}
PERCENTAGE	{num}%
DIMENSION	{num}{ident}
URI	url\({w}{string}{w}\) | url\({w}([!#$%&*-~] | {nonascii} | {escape})*{w}\)
UNICODE-RANGE	U\+[0-9a-f?]{1,6}(-[0-9a-f]{1,6})?
CDO	<!--
CDC	-->
;	;
{	\{
}	\}
(	\(
)	\)
[	\[
]	\]
S	[\t\r\n\f]+
COMMENT	\/*[^*]**+([^/*][^*]**+)*\/
FUNCTION	{ident}\(
INCLUDES	~=
DASHMATCH	|=
DELIM	көрсетілген анықтамаларға жатпайтын символ

Төмендегі кестеде 1-кестеде көрсетілген фигуралық жақша ішіне жазылған макростар анықтамасын келтіреміз (кесте 2).

Кесте 2 – CSS макростары мен анықтамасы

макрос	анықтамасы
Ident	[-]?{nmstart}{nmchar}*
Name	{nmchar}+
Nmstart	[_a-z] | {nonascii} | {escape}
Nonascii	[^\0-\177]
Unicode	\\[0-9a-f]{1,6}(\r\n | [\n\r\t\f])?
Escape	{unicode} | \\[^\n\r\f0-9a-f]

Nmchar	[_a-z0-9-] | {nonascii} | {escape}
Num	[0-9]+ | [0-9]*\.[0-9]+
String	{string1} | {string2}
string1	\"([^\n\r\f\\"] | \\{nl} | {escape})*\"
string2	\'([^\n\r\f\\'] | \\{nl} | {escape})*\'
Invalid	{invalid1} | {invalid2}
Invalid1	\"([^\n\r\f\\"] | \\{nl} | {escape})*
Invalid2	\'([^\n\r\f\\']|\\{nl} | {escape})*
Nl	\n|\r\n|\r|\f
W	[\t\r\n\f]*

Лексика. Төменде синтаксистік ережелердің ядросын (грамматикалық сипаттау) келтіреміз:

```
stylesheet    : [ CDO | CDC | S | statement ]*;
сипаттау      : ережелер | at-ережелер;
at-ережелер   : ATKEYWORD S* кез келген* [ бөлім | ';' S* ];
бөлім         : '{' S* [ кез келген | бөлім | ATKEYWORD S* | ';' S* ]* '}' S*;
ережелер      : селектор? '{' S* жариялау? [ ';' S* жариялау? ]* '}' S*;
селектор      : кез келген+;
жариялау      : DELIM? қасиет S* ':' S* мәні;
қасиет        : IDENT;
мәні          : [ кез келген | бөлім | ATKEYWORD S* ]+;
кез келген    : [ IDENT | NUMBER | PERCENTAGE | DIMENSION | STRING
                | DELIM | URI | HASH | UNICODE-RANGE | INCLUDES
                | DASHMATCH | FUNCTION S* кез келген* ')'
                | '(' S* кез келген* ')' | '[' S* кез келген* ']' ] S*;
```

Грамматикалық сипаттауда оқуға жеңіл болу үшін COMMENT белгісі қолданылмайды, өйткені түсініктемені кез келген жерде қолдануға болады. Сол сияқты, S белгісі бос орынды білдіреді. Бос орын ретінде "пробел" (U+0020), "азат жол басы" (U+0009), "қатарды ауыстыру" (U+000A), "каретканы ауыстыру" (U+000D) және "қағаз беру" (U+000C) символдары кездесуі мүмкін.

Мысалы: STRING белгісін қарастырайық. Ол {string} макросынан тұрады. Ол өз кезегінде {string1} немесе {string2} түрінде жазылады. Ал {string1} анықтамасы \"([^\n\r\f\\"]|\\{nl}|{escape})*\" түрінде берілген. Сол сияқты {string2} анықтамасы \'([^\n\r\f\\']|\\{nl}|{escape})*\' түрінде берілген т.с.с.

Осы ережелерден келіп шығатыны қатарды жазуда кез келген символды, яғни әріп, сан, арнайы символдарды (Unicode коды ISO 10646 кодына эквивалент) қолдануға болады. Сондай-ақ, қатар ' (тырнақша)

немесе " (қос тырнақша) символдары ішіне жазылады. Қатарды жазуда тырнақша мен қос тырнақша символдарының аралас пайдаланып немесе олардың алдына \ (бэкслэш) символын жазуға да болады.

' "Информатика" кафедрасы'
" 'Информатика' кафедрасы"
"\"Информатика\" кафедрасы"

Көрсетілген мысалдың бірінші жолында тырнақша қолданылып, «информатика» сөзі қос тырнақша ішіне алынған. Екінші жолда осының барлығы керісінші орындалған. Ал үшінші жолда тек қана қос тырнақша қолданылған, тек қана ішкі тырнақшалар бэкслэш символымен ерекшеленген.

Идентификатор. CSS стильдер кестесінде идентикатор әріптерден (a-z), цифрлардан (0-9), '-' (тире) және '_' (төменгі сызықша) символдары тізбегінен тұрады. CSS стильдер кестесі регистрге қарамайды, яғни бас әріп пен кіші әріпті бірдей қабылдайды. Сонымен қатар идентификаторда ISO 10646 стандартының кейбір арнайы символдары (U+00A1–ден жоғары) және \ (бэкслэш) символы қолданылады.

Мысалы: ocean – дұрыс жазылған
zaru_01 – дұрыс жазылған
R&B – дұрыс жазылған

Әдетте \ (бэкслэш) символы арнайы символдардың іс-әрекетін тоқтату үшін пайдаланылады. Егер ол әріптен алдын келсе, онда оны жоқ деп есептеуге де болады. Мысалы, «apple» идендификаторын «a\pple» немесе «a\ppl\e» деп жазуға болады.

Кілт сөздер. CSS стильдер кестесінде кілт сөздер идентификатор түрінде кездеседі. Кілт сөздер тырнақша ішіне алынбайды ("..." немесе '...').

Мысалы: color – дұрыс жазылған
"color" – қате жазылған (қатар ретінде түсініледі)

Кейбір кілт сөздер '-' (тире) немесе '_' (төменгі сызықша) символдарымен басталуы да мүмкін. Әдетте мұндай кілт сөздер ұйым, мекеме атауларына қалдырылған. Спецификация жазылған уақытта төмендегі префикстер белгілі болған:

-ms- Microsoft
-mso- Microsoft Office
-moz- Mozilla
-o- Opera Software
-atsc- Advanced Television Standards Committee
-wap- WAP

Өрнектер. CSS стильдер кестесі өрнектер тізімінен тұрады. Өрнектер 2 топқа бөлінеді:

- at-ережелер
- ережелер тобы

At-ережелер. CSS стильдер кестесінде at-ережелер «at» кілт сөзінен басталады, яғни @ символынан кейін идентификатор тұрады. Мысалы, @media, @import.

Мұндай атау @ («эт» деп оқылады) символының атынан келіп шыққан. Орыс тілді Интернетте бұл символды «собачка» деп те атайды. Оны қазақшаға «күшік» деп аудару ыңғайсыз шығар.

At-ережелер ; (нүктелі үтір) символы кездескенше барлық құрылымдық бөлімді өз ішіне алады.

Мысалы: @import "ukgu.css";
h1 { color: red }

At-ережелерден басқа барлық құрылымдар ережелер тобына жатады.

Бөлімдер. CSS стильдер кестесінде бөлім {} (фигуралық жақша) символдары ішіне жазылады. Бөлімде кез келген белгілер (labels) жазылады. Бөлімнің ішінде ( ) қарапайым, [ ] тік және { } фигуралық жақшалар тек қана жұбымен және біріне-бірі кіретіндей жазылуы қажет. Сол сияқты, ' (тырнақша) немесе " (қос тырнақша) символдары да жұбымен және біріне-бірі кіретіндей жазылады.

Мысалы:

```
negizgi_fon {
        background-image: url ("files/fon_cyreti.gif");
        font-family: "Times New Roman", shadow;
        font-size: 12 pt;
        color: "#000080";
        }
tizim   {
        font-family: "Times New Roman", serif;
        font-size: 14 pt;
        color: "#000080";
        font-style: normal;
        }
```

Көрсетілген мысалда «negizgi_fon» және «tizim» бөлімдері берілген. Бөлімде кездесетін қарапайым жақшалар ішпе-іш орналасқан. Ал "files/fon_cyreti.gif" және "Times New Roman" өрнектері қатар (string) ретінде қаралады.

Ережелер тобы. CSS стильдер кестесінде ережелер селектор және сипаттау бөлімінен тұрады.

Селектор деп бірінші фигуралық жақшаға дейінгі кездесетін идентикатор немесе идентификаторлар тобы айтылады. Селектор әрқашан өзінің сипаттау бөлімімен жазылады. Егер селектордың синтаксисі қате жазылса, онда оның сипаттау бөліміне талдау жасалмайды.

Сипаттау бөлімі фигуралық жақшалар ішіне жазылады. Бөлімде жариялаулар нүктелі үтірмен бөлектенеді. Бөлім бос болуы да мүмкін.

Мысалы:

```
h1, h2 {color: yellow}
h3 & h4, h5 {color: red}
```

Көрсетілген мысалда h1, h2, h3, h4, h5 селекторлар, ал фигуралық жақшалар ішіндегі оның сипаттау бөлімі. Мысалдағы бірінші жол синтаксисі дұрыс берілген. Ал екінші жол қате, яғни & символы қате белгі болып есептеледі. Сондықтан тұтынушы агенті селектор үшін қызыл реңді қабылдамайды.

Жариялау және қасиеттер. CSS стильдер кестесінде жариялау қасиет идендификаторы, : (қос нүкте) символы және қасиеттің мәнінен тұрады. Егер селекторда бірнеше жариялау қатары кездессе, онда олардың арасына ; (нүктелі үтір) символы жазылады.

Қасиет идентификаторының мәні ретінде кез келген белгі алынады. Қасиет мәнінің ішінде қарапайым, тік және фигуралық жақшалар, сонымен қатар тырнақша және қос тырнақша символдары тек қана жұбымен және біріне-бірі кіретіндей жазылуы тиіс. Егер нүктелі үтір қатарға жатпаса, онда ол бэкслэш символымен бірге жазылады.

Мәндер синтаксисі әрбір қасиет үшін бөлек анықталады. Жалпы, мәндер идентификаторлардан, қатарлардан, сандардан, түстерден т.б. құралады.

Мысалы:

```
tizim {
        font-family : "Times New Roman", serif;
        font-size : 14 pt;
        color : "#000080";
        font-style : normal;
        }
```

Көрсетілген мысалда «font-family», «font-size», «color», «font-style» - қасиет идентификаторлары, ал «"Times New Roman", serif», «14 pt», «"#000080», «normal» - мәндері.

Селекторлардағы жариялауларды біріктірмей бөлек жазуға да болады. Онда селектордың идентификаторы әр қатарда жазылуы тиіс.

Мысалы: Төменде берілген ереже

```
tizim {
        font-family : "Times New Roman", serif;
        font-size : 14 pt;
```

}

мына ережелерге эквивалент

```
tizim  {font-family : "Times New Roman", serif}
tizim  {font-size : 14 pt }
```

Түсініктеме. CSS стильдер кестесінде түсініктеме /* және */ символдары арасына жазылады. Түсініктемені кез келген жерде жазуға болады.

Мысалы: /* CSS технологиясы түсініктемесі*/

Түсініктемені SGML стилінде, яғни <!—және --> символдары арасында да беруге болады. Бірақта олардың қолдану аясы шектелеген (әдетте HTML 3.2-ден төменгі версияларда).

Синтаксистік талдаудың қателерін өңдеу ережесі. Егер CSS стильдер кестесінде қателер табылса, онда тұтынушы агенті оларды өңдеуі қажет. Бұл жерде өңдеу дегенде қатесі бар стильді синтаксистік талдаудан өткізіп, оның басы мен аяғын тауып, стильді осы қатесі бар өрнегін тұтынушы агенті орындамауын айтамыз.

CSS стильдер кестесінің келесі версияларында жаңа қасиеттер мен олардың мәндері енгізілуі мүмкін деп тұтынушы агенті келесі ережелерді өңдеуі тиіс:

а) *Белгісіз қасиет*. Тұтынушы агенті белгісіз қасиетпен берілген жариялауды өңдемеуі қажет.

Мысалы: Стильдер кестесі берілсін (rotation : 70 minutes – қасиет қате берілген):

```
ukgu {color : blue; rotation : 70 minutes}
```

Тұтынушы агенті стильдер кестесі төменде берілгендей етіп өңдейді:

```
ukgu {color : blue}
```

ә) *Қасиеттің мүмкін емес мәні*. Тұтынушы агенті мүмкін емес мән кездесетін жариялауды өңдемеуі қажет.

Мысалы: Стильдер кестесі берілсін:

```
img {float : lefet}       /* lefet мәні қате берілген */
img {background : "blue"} /* blue кілт сөзі қос тырнақша ішіне
жазылған */
```

б) *Malformed жариялау*. Тұтынушы агенті синтаксистік талдау нәтижесінде кездесетін күтілмеген белгілерді, (), [], {}, "", және " символдарының жұп келмеуі т.с.с. қателерді мүмкін болса қалпына келтіруі қажет.

Мысалы: Стильдер кестесі берілсін:

```
ukgu {color : blue; color } /* қос нүкте символы және мәні берілмеген
*/
ukgu {color : }blue}  /* фигуралық жақша - күтілмеген белгі */
```

в) *Күтілмеген at-ережелер*. Тұтынушы агенті күтілмеген at-ережелерді нүктелі үтір символы кездескенше немесе келесі құрылымдық бөлім біткенше өңдемеуі қажет.

Мысалы: Стильдер кестесі берілсін:

```
@tree-md
{
@import "tizim.css";
ukgu {color: red}
}
ukgu {color: blue}
```

Көрсетілген мысалда @tree-md деген at-ереже CSS 2.1-де анықталмаған, сондықтан келесі құрылымдық бөлім өңделмейді, тұтынушы агенті берілген стильдер кестесін төмендегідей етіп қысқартады:

```
ukgu {color: blue}
```

г) *Күтілмеген стильдер кестесінің соңы*. Тұтынушы агенті барлық аяқталмаған құрылымдық бөлімдерді (бөлімдер, жақшалар, қатарлар) жабуы қажет.

Мысалы: Берілген стильдер кестесі

```
@media screen
{
h1 : before {content: 'Шымкент      /* стильдер кестесі аяқталмаған */
```

төмендегідей орындалады:

```
@media screen
{
h1 : before {content: 'Шымкент';}
}
```

д) *Күтілмеген қатардың соңы*. Тұтынушы агенті барлық ашық қатарларды жабуы, сосын осы құрылымды (жариялау, ереже) өңдемеуі қажет.

Мысалы: Берілген стильдер кестесі

```
p1 {
color : maroon;
font-family : 'Times New Roman   /* нүктелі үтір қойылмаған */
color : red;
color : olive;
```

```
}
```

төмендегідей орындалады:

```
p1 { color: maroon; color: olive; }
```

Көрсетілген мысалда «font-family : 'Times New Roman» қатары нүктелі үтір қойылмағандықтан орындалмайды. Келесі «color:red;» қатарында қате жоқ, бірақта қатардан алдыңғы нүктелі үтір жоқ болғандықтан орындалмайды (синтаксистік қате).

Бүтін және нақты сандар. CSS стильдер кестесінде қасиеттердің мәндерінің типі бүтін (<бүтін> деп белгіленеді) немесе нақты (<сан> деп белгіленеді) сандармен өрнектеледі. Бүтін және нақты сандар тек қана ондық санақ жүйесінде анықталған. Бүтін сан бір немесе бірнеше «0» ден «9»-ға дейінгі цифрлерден тұрады. Нақты сан бүтін және бөлшек бөліктерден құралады. Олардың арасына . (нүкте) қойылып жазылады. Көптеген қасиеттер тек қана оң таңбалы сандарды ғана қабылдайды. Кейбір жағдайда бүтін және нақты сандар алдына «-» немесе «+» таңбалары жазылуы мүмкін.

Ұзындықтың өлшем бірліктері. CSS стильдер кестесінде ұзындықтың өлшем бірліктері көлденең және тік өлшемдерді анықтауда қолданылады. Өлшем форматы (<ұзындық>) төмендегідей: <сан>, өлшем бірлігі идентификаторы (px, em, ex). Егер мән нольге тең болса өлшем бірлігі жазылмайды.

Кейбір қасиеттер сол таңбалы мәндерді қолдануға да рұқсат береді, бірақта оларды іс жүзінде пайдалану техникалық құрылғылармен қарама-қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Ондай жағдайда тұтынушы агенті стильді өңдемейді.

Ұзындықтың өлшем бірліктері екі түрге бөлінеді:

- салыстырмалы
- абсолют

Салыстырмалы өлшем бірліктері ұзындық мәнін басқа ұзындық қасиетіне салыстыра отырып анықтайды. Әдетте мұндай бірліктер бір типті құрылғыдан екіншісіне өтуде баптау жеңіл болу үшін қолданылады. Мысалы, монитор экранынан принтерге өткізу.

Салыстырмалы өлшем бірліктері:

- em /* сәйкес шрифттің 'font-size' қасиеті */
- ex /* сәйкес шрифттің 'x-height' қасиеті */
- px /* сәйкес құрылғының пикселі */

а) «em» өлшем бірлігінің мәні ағымдағы шрифттің 'font-size' қасиетінің мәніне сәйкес анықталады. Ол көлденең және тік өлшемдерде қолданылады.

Мысалы: Стильдер кестесі берілсін:

```
h1 { line-height: 1.2em }
```

Көрсетілген мысалда h1 селекторы шрифтінің биіктігі ағымдағы шрифттің биіктігінен 20% ұзын болуы тиіс.

ә) «ex» өлшем бірлігінің мәні ағымдағы шрифттің бас «x» әрпінің мәнімен анықталады. Бірақта ағымдағы шрифтте «x» әрпі болмаса да анықталуы тиіс.

Шрифттің «x-height» мәнін анықтаудың бірнеше әдісі бар. Әдетте шрифттердің сенімді «x-height» метрикасы болады. Егер ол болмаса, онда тұтынушы агенті шрифттің бас әріптерінің биіктігіне сәйкес анықтайды.

Мысалы:

```
h1 { margin: 1ex }
```

б) «px» өлшем бірлігінің мәні ағымдағы құрылғының (монитор, принтер т.б.) пикселімен анықталады. Әдетте ол монитордың рұқсат берілген мүмкіндігін анықтау үшін қолданылады.

Абсолют өлшем бірліктері құрылғының физикалық параметрлері белгілі болғанда қолданылады.

Абсолют өлшем бірліктері:

- in /* дюйм – 1 дюйм 2,54 сантиметрге тең */
- cm /* сантиметр */
- mm /* миллиметр */
- pt /* нүкте – 1 нүкте 1/72 дюймге тең */
- pc /* пика – 1 пика 12 нүктеге тең */

Мысалы:

```
h1 { margin: 0.5in }          /* дюйм  */
h2 { line-height: 3cm }       /* сантиметр */
h3 { word-spacing: 4mm }      /* миллиметр */
h4 { font-size: 12pt }        /* нүкте */
h5 { font-size: 1pc }         /* пика */
```

Пайыздық мәндер. CSS стильдер кестесінде кейбір қасиеттердің мәні пайыз түрінде де анықталады. Пайыздық мәннің форматы:

<пайыз> : <сан>%

Пайыздық өлшем бірліктері мәндерін басқа қасиеттің ағымдағы мәніне сәйкес пайызбен анықтайды.

Мысалы:

```
p { line-height: 120% }
```

URI-мән. CSS 2.1 спецификациясында URI-мән (Uniform Resource Identificator) <uri> деп белгіленеді. Қасиеттерге URI-мәнді меншіктеуде «url()» құрылымында қажетті URL-адрес (Uniform Resource Locator – Ықшамдалған ресурстар көрсеткіші) көрсетіледі.

Мысалы:

```
body { background: url ("http://www.ukgu.kz/logo.gif") }
```

Түстер. CSS стильдер кестесінде түсті анықтауда түстердің RGB (red, green, blue) моделінен пайдаланып, түстің ағылшынша атын немесе он алтылық санақ жүйесіндегі мәнін береміз. Түс red-қызыл, green-жасыл, blue-көк үш бояудың араласуынан тұрады. Араласу мөлшері он алтылық сан 00-ден басталып FF-санымен аяқталады. Он алтылық сан алдына # символы жазылады.

Мысалы:

```
fon {
background-color: "#e0e0e0";
font-family: "Times New Roman";
font-size: 12 pt;
color: "#000080";
}
```

Көрсетілген мысалда монитор экранының фоны "#e0e0e0" түсімен, ал шрифт "#000080" (тоқ көк) түсімен берілген.

Жалпы, RGB форматында мәндерді үш түрде беруге болады:

- он алтылық санақ жүйесі;
- ондық санақ жүйесі;
- пайыздық.

Ондық санақ жүйесінде 0-ден 255-ке дейінге сандар қолданылады (он алтылық санақ жүйесінде 00-ден FF-дейін). Пайыздық жүйеде 255 санына 100% сәйкес келеді, яғни RGB (255, 255, 255) немесе RGB (100%, 100%, 100%) ақ түсті береді.

Мысалы:

```
em { color : rgb (255,0,0) }
em { color : rgb (100%, 0%, 0%)}
```

CSS стильдер кестесін ұсыну. CSS стильдер кестесі символдардың әмбебап тобынан тұрады (ISO 10646). Бұл символдарды тасымалдау және сақтау үшін, оларды ASCII символдарын қолдайтын кодтау жүйелеріне ауыстыру қажет (мысалы, UTF-8, Windows-1251).

Егер стильдер кестесі басқа құжатқа енгізілетін болса, мысалы, HTML-құжаттың «style» атрибуты, онда стильдер кестесі осы құжатта қолданылған кодтау жүйесінен пайдаланады.

Егер стильдер кестесі жеке файлда сақталса, онда тұтынушы агенті символдарды кодтау жүйесін анықтаудың келесі приоритетін қолдануы тиіс (жоғарыдан төменге):

- «charset» HTTP-параметрінің «Content-Type» өрісі (немесе басқа хаттамадағы сәйкес параметр)
- @charset
- <link charset=""> немесе сілтеменің басқа метадеректері
- құжаттан немесе стильдер кестесінен алынған символдар тобы

@charset ережесін қолданушылар, ережені стильдер кестесінің басына орналастыруы тиіс. «@charset» ережесінен кейін символдарды кодтау жүйесінің атауы тырнақша ішіне жазылады.

Мысалы:

```
@charset " Windows-1251";
```

Тұтынушы агенті стильдер кестесінің басында келмеген кез келген @charset ережесін қабылдамауы тиіс.

4.2 CSS технологиясының қасиеттері

Бұл бөлімде CSS каскадты стильдер кестесінің қасиеттерімен танысамыз. CSS стильдер кестесінде қасиет «property-name» деп аталады. Қасиеттің мәндері кілт сөздермен беріледі. Кілт сөздер < (кіші) және > (үлкен) символдары арасына жазылады.

Кілт сөздер арасында кездесетін | символы, қасиеттің осы мәндердің тек біреуін қабылдайтынын білдіреді. Сол сияқты, кілт сөздер арасында кездесетін || символы, қасиеттің осы мәндердің бірнешеуін, кез келген тәртіпте қабылдайтынын білдіреді. Ал кілт сөздерді топтау үшін [ ] символдары қолданылады.

Төменде осы технологияның негізгі қасиеттерін қарастырамыз [2].

background-color : <түс> | transparent – құжаттың фон түсін анықтайды. Фонның түсін анықтаумен қатар, transparent арқалы фон асты түсін де (paddings) көрсетуге болады. Сыртқы өріс (margins) ашық түсте қалады. Үндеместен transparent алынады.

Мысалы:

```
fon {
background-color: gray;
}
```

Көрсетілген мысалда фон үшін күлгін түс таңдалған.

background-image: url (<url>)│none│inherit – фон ретінде суретті файлдан алады. none – фондық сурет берілмейді. Inherit – фонның мәнін аналық қасиеттен алады. Үндеместен none мәні алынады.

Мысалы:

```
fon  {
background-color : "#e0e0e0";
background-image : url ("files/logo_fon.gif");
font-family : "Times New Roman", shadow;
font-size : 12 pt;
color : "#000080";
}
```

Көрсетілген мысалда фондық сурет ретінде «files» бумасындағы «logo_fon.gif» файлы алынады. Сонымен қатар «background-color» қасиетімен «#e0e0e0» түсі берілген. Егер қандай-да бір себеппен «logo_fon.gif» файлы жүктелмесе, онда фон «#e0e0e0» түсін алады. Фонда мәтін айқын көріну үшін «Times New Roman» шрифті, өлшемі 12 нүктемен берілген. Әдетте фондық суретті осылай фондық түспен беру бағдарламалаудың тамаша үлгісі болып есептеледі. Бұл жерде фондық түс фондық суреттің астында қалады.

background-position : top │ center │ bottom │ left │ center │ right │<пайыз>│ <ұзындық> │ inherit – фондық суреттің басталу координаталарын анықтайды. Фондық сурет координаталары кілттік сөздермен көлденеңінен және тігінен беріледі.

Фондық суреттің көлденеңінен басталуы төмендегіше беріледі:

- left – солдан;
- center – ортадан;
- right – оңнан.

Фондық суреттің тігінен басталу координаталары төмендегіше беріледі:

- top – жоғарыдан;
- center – ортадан;
- bottom – төменнен.

Координаталар көлденеңінен бастап, сонан соң тігінен көрсетіледі.

Мысалы:

```
fon  {
background-color : "#e0e0e0";
background-position: right top;
background-image : url ("files/logo_fon.gif");
}
```

Көрсетілген мысалда фондық сурет жоғарғы оң жақ бұрышқа орналасады.

Координаталар пиксельде – (px), сантиметрде – (cm) немесе пайызда – (%) берілуі де мүмкін.

Мысалы:

```
fon  {
background-color : "#e0e0e0";
background-position: 50px 50px;
background-image : url ("files/logo_fon.gif");
}
```

Көрсетілген мысалда фондық сурет жоғарғы сол жақ бұрыштан тігінен 50 пиксель және енінен 50 пиксель тастап орналасады.

Егер координаталар пайызда берілсе, онда 0% 0% - жоғарғы сол бұрышты, ал 100% 100% - төменгі оң бұрышты анықтайды.

Мысалы:

```
fon  {
background-color : "#e0e0e0";
background-position: 50% 50%;
background-image : url ("files/logo_fon.gif");
}
```

Көрсетілген мысалда фондық сурет монитор экранының ортасынан бастап орналасады.

Жалпы, фондық суретті орналастыруда төмендегі мәндер алынады:

- жоғарғы сол бұрыш - left top, 0% 0% немесе top left;
- жоғарғы ортасы - center top, 50% 0%, top center;
- жоғарғы оң бұрыш - right top, 100% 0%, top right;
- сол жақтың ортасы - left center, 0% 50%, center left;
- центр - center, 50% 50%, center center;
- оң жақтың ортасы - right center, 100% 50%, , center right;
- төменгі сол бұрыш - left bottom, 0% 100%, bottom left;
- төменгі ортасы - center bottom, 50% 100%, bottom center;
- төменгі оң бұрыш - right bottom, 100% 100%, bottom right;
- inherit – фонның координаталарын аналық қасиеттен алады;
- үндеместен 0% 0% алынады.

background-repeat : repeat │ repeat-x │ repeat-y │ no-repeat │ inherit – экранда фондық суретті қайталайды. Үндеместен repeat мәні алынады. Мұндағы:

- repeat-x – фондық сурет көлделеңінен қайталанады;
- repeat-y – фондық сурет тігінен қайталанады;
- no-repeat-y – фондық сурет бір-ақ рет көрсетіледі, қайталанбайды;
- repeat – фондық сурет көнделеңінен де, тігінен де қайталанады;
- inherit – мәнді аналық қасиеттен алады.

Мысалы:

```
fon  {
background-color : "#e0e0e0";
background-position: 50% 50%;
background-image : url ("files/logo_fon.gif");
background-repeat : no-repeat
}
```

background-attachment: scroll | fixed – фонды мәтінге байланыстырады. Үндеместен scroll алынады. Мұндағы:

- scroll – егер мәтін терезеге симаса, онда фон мәтінмен қоса жүреді;
- fixed – фон орнында тұрады, ал мәтін оның үстінде қозғалады.

background: <background-color> ‖ <background-image> ‖ <background-repeat> ‖ <background-attachment> ‖ <background-position> – жоғарыда сипатталған қасиеттердің жалпыламасы, яғни фондық сурет қасиеттерін стильдер кестесінің бір жерінде анықтау мүмкіндігін береді. Қасиеттердің қабылдайтын мәндері жоғарыдағыдай. Егер кейбір қасиеттер көрсетілмесе, онда олар үндеместен алу принципі бойынша таңдалады.

Мысалы:

а)
```
fon  {
background-color : "#e0e0e0";
background-image : url ("files/logo_fon.gif");
background-repeat : no-repeat;
background-attachment: fixed;
background-position: right top;
}
```

б) fon {background: "#e0e0e0" url ("files/logo_fon.gif") no-repeat fixed right top}

Көрсетілген мысалдағы а) және б) варианттар эквивалент.

border-width: thin ‖ medium ‖ thick ‖ inherit – рамка бордюрінің 4 жағының қалындығын бірден анықтайды. Үндеместен medium алынады. Бордюр қалындығы ретінде төмендегі мәндер алынуы мүмкін:

- thin – жұқа рамка (әдетте 2 пиксель);
- medium – орташа рамка (әдетте 4 пиксель);
- thick – қалын рамка (әдетте 6 пиксель);
- inherit – мәнді аналық қасиеттен алады.

Мәндердің тізімінде бір, екі, үш немесе төрт мән кездесуі мүмкін. Егер бір мән кездессе, онда рамканың барлық төрт жағына бірдей әсер етеді.

Егер екі мән кездессе, онда рамканың тек қана жоғарғы және төменгі жақтарына әсер етеді. Егер үш мән кездессе, онда біріншісі рамканың жоғарғы, екіншісі сол және оң жақтарына, үшіншісі төменгі жақғына әсер етеді. Ал егер төрт мән кездессе, онда рамканың сәйкес жоғарғы, сол, оң және төменгі жақтарына әсер етеді.

Мысалы:

а) p { border-width: 4px}
б) p { border-width: thin thick}
в) p {border-width: 3px 2px 4px 1px}

Көрсетілген мысалдағы а) вариантта: рамка бордюрінің төрт жағының қалындығыда 4 пиксельден тұрады; б) вариантта: рамка бордюрінің жоғарғы жағы 2 пиксель, ал төменгі жағының қалындығы 6 пиксельден тұрады; в) вариантта: рамка бордюрінің жоғарғы жағы 3 пиксель, сол жағы 2 пиксель, оң жағы 4 пиксель, ал төменгі жағының қалындығы 1 пиксельден тұрады.

border-style: solid ‖ none ‖ hidden ‖ dotted ‖ dashed ‖ double ‖ groove ‖ ridge ‖ inset ‖ outset ‖ inherit - рамка бордюрінің 4 жағының стилін бірден анықтайды. Бордюр стилі ретінде төмендегі мәндер алынуы мүмкін:

- solid – қарапайым сызық;
- none – бордюр жоқ, оның қалындығы нольге тең;
- hidden – жасырын, бордюр жоқ;
- dotted – жіңішке пунктир сызық;
- dashed – пунктир сызық;
- double – екі еселенген сызық;
- groove – көлемді, қысылған сызық ;
- ridge – көлемді, қалындатылған сызық;
- inset – көлемді, қысылған сызықтың басқа варианты;
- outset – көлемді, қалындатылған сызықтың басқа варианты;
- inherit – мәнді аналық қасиеттен алады.

Мәндердің тізімінде бір, екі, үш немесе төрт мән кездесуі мүмкін. Олардың әсері жоғарыдағы «border-width» қасиетіндегі ретпен анықталады.

Мысалы:

а) p { border-style: none}
б) p { border-style: solid double solid }
в) p {border-style: ridge}

Көрсетілген мысалдағы а) вариантта: рамка бордюрі жоқ, ол көрінбейді; б) вариантта: рамка бордюрінің жоғарғы және төменгі жағы қарапайым сызықтан, ал сол мен оң жағы екі еселенген сызықтан тұрады; в) вариантта: рамка бордюрінің төрт жағы да көлемді, қалындатылған сызықтан тұрады.

border-color: <түс>│transparent│inherit - рамка бордюрінің түсін анықтайды. Түс CSS стильдер кестесінің синтаксисінде анықталған стандарт әдістермен беріледі. Бордюрдің түсін анықтаумен қатар, transparent арқалы бордюр асты түсін де (paddings) көрсетуге болады. Ал inherit мәні түсті аналық қасиеттен алады.

Түс мәндері тізіммен берілсе, тізімде бір, екі, үш немесе төрт мән кездесуі мүмкін. Олардың әсері жоғарыдағы «border-width» қасиетіндегі ретпен анықталады.

Мысалы:

```
p { border-color: red}          /* бордюр түсі қызыл */
```

border: <border-width> ‖ <border-style> ‖ <border-color> - қысқартылған қасиет, элементтің рамкасының бордюрінің бірнеше атрибуттарын, яғни енін, стилін және түсін бір қатарда анықтайды. Қасиет рамканың төрт жағына бірдей әсер етеді.

Мысалы:

а)
```
p {border: 2px double navy}
```

б)
```
p {
  border-top: 2px double navy;
  border-bottom: 2px double navy;
  border-left: 2px double navy;
  border-right: 2px double navy;
 }
```

Көрсетілген мысалдағы а) және б) варианттар эквивалент. Рамканың бордюрі төрт жағында бірдей: қалындығы 2 пиксель, стилі екі еселенген және түсі тоқ көк болып анықталады.

font-family: <шрифттер тізімі> – Шрифттер немесе олардың типтері үтірмен бөлектеніп көрсетіледі. Браузер шрифттерді көрсетілген ретпен компьютерде кездескенше іздеп, табылған шрифтті пайдаланады. Қасиеттің шрифт типтері түрінде төмендегі мәндер алынуы мүмкін:

- serif – түртпесі бар шрифттер, мысалы: Times;
- sans-serif – түртпесі жоқ шрифттер, мысалы: Helvetica;
- cursive – курсивті шрифттер, мысалы: Zarf-Chencery;
- fantasy – декоратив шрифттер, мысалы: Western;
- monospace – моношрифттер, мысалы Courier.

Егер шрифт типі бірнеше сөзден тұрса, онда шрифт типін тырнақша ішінде жазу қажет, мысалы: “Times New Roman Cyr”.

Егер бірнеше шрифт │ белгісімен көрсетілсе, браузер олардың біреуін үндеместен алу принципі бойынша таңдайды.

font-style: normal │italic│ oblique – шрифт стилдерін көрсетеді. Үндеместен normal алынады. Мұндағы:

- normal – қалыпты;
- italic – курсив;
- oblique – қиғаш.

font-size: <абсолют>│<салыстырмалы>│<нақты>│<пайыз> – шрифт өлшемін анықтайды. Қасиеттің мәні ретінде абсолют, салыстырмалы, нақты өлшемдер немесе пайыз көрсетіледі. Үндеместен normal алынады.

font-weight: normal│bold│bolder│lighter – шрифттің енін анықтайды. Үндеместен normal алынады. Мұндағы:

- normal – қалыпты;
- bold – жартылай жуан;
- bolder – жуан;
- lighter – жіңішке.

font-variant: normal │small-caps – шрифттің бас әріптерінің өлшемін анықтайды. Үндеместен normal алынады. Мұндағы:

- normal – қалыпты;
- small-caps – кіші бас қаріп.

font: <font-style>‖<font-variant>‖<font-weight>‖<font-size>‖<font-family> – жоғарыда сипатталған қасиеттердің жалпыламасы, яғни шрифт қасиеттерін стильдер кестесінің бір жерінде анықтау мүмкіндігін береді. Қасиеттердің қабылдайтын мәндері жоғарыдағыдай. Егер кейбір қасиеттер көрсетілмесе, онда олар үндеместен алу принципі бойынша таңдалады.

Мысалы:

```
h1 {
font-family: Arial;
font-size: 30 pt;
font-weight: bold;
font-style: italic
}
p {
font: bold italic large Times New Roman, serif
}
```

word-spacing: normal│<ұзындық> – сөздер арасындағы аралық беріледі. Үндеместен normal алынады.

letter-spacing: normal│<ұзындық> – символдар арасындағы аралық анықталады. Үндеместен normal алынады.

text-decoration: underline │overline │line-through │blink │none – Символ гарнитурасы көрсетіледі. Мұндағы:

- underline – астын сызу;
- overline – төбесін сызу;
- line-through – үстін сызу;
- blink – жанып-өшу;
- none – алдынғы орнатылған мәндерді жою.

text-transform: capitalize │uppercase │lowercase │none – мәтінді бейнелеуде регистрді түрлендіруді анықтайды. Үндеместен none алынады. Мұндағы:

- capitalize – әрбір сөздің бірінші қаріпі бас қаріпке түрленеді;
- uppercase – барлық әріптер бас қаріпке түрленеді;
- lowercase – барлық әріптер кіші қаріпке түрленеді;
- none – алдынғы орнатылған мәндерді жояды.

text-align: left │right │center │justify – мәтінді терезе шеттеріне теңестіреді. Мұндағы:

- left – солға;
- right – оңға;
- center – ортаға;
- justify – екі шеттен.

text-indent: <абсолют бірліктер> │<пайыз> – мәтіннің шегінуін көрсетеді. Әдетте шегіну абзацтың бірінші қатарының сол жағына ғана тиісті. Егер бірлік мәні сол таңбалы болса, онда салыстырмалы түрде солға қарай жылжыйды. Абсолют бірліктер төмендегідей анықталады:

- px – логикалық пиксельдер;
- pt – логикалық нүктелер;
- em – шрифт өлшемінің бірліктері;
- cm – сантиметрлер;
- mm – миллиметрлер.

Мысалы: text-indent: -3em.

vertical-align: baseline │sub │super │top │text-top │middle │bottom │text-botton │<пайыз> – элементтің тік орналысуын анықтайды. Үндеместен baseline алынады. Мұндағы:

- baseline – элементті негізгі элементтен төменге орналастырады;
- middle – элементтің орта сызығын «негізгі + жартылай биіктікке» теңестіреді;
- sub – элементті қатар астына теңестіреді (әдетте font-size: smaller қасиетімен бірге беріледі);
- super – элементті қатар төбесіне теңестіреді (әдетте font-size: smaller қасиетімен бірге беріледі);

- text-top – элементің жоғарғы шетін негізгі элементтің төбесімен теңестіреді;
- text-bottom – элементтің төменгі шетін негізгі элементтің астымен теңестіреді;
- top – элементтің төбесін негізгі элементтің ең жоғарғы шетімен теңестіреді;
- bottom – элементтің астын негізгі элементтің ең төменгі шетімен теңестіреді.

line-height: normal | <сан> | <ұзындық> | <пайыз> – қатар биіктігін көрсетеді. Үндеместен normal алынады.

color:<түс> – құжат мәтінінің түсін көрсетеді. Үндеместен құжатта анықталған түсті алады. Түстің мәні бірнеше тәсілмен анықталады:

- түс аттары бойынша, мысалы: red (қызыл), blue (көк);
- он алтылық сан түрінде, мысалы: #000000 (қара);
- нөлдері алып тасталған он алтылық сан түрінде, мысалы: #fff (ақ);
- RGB моделі бойынша, мәндері 0-ден 255-дейін, мысалы: rgb(255,255,255) (ақ);
- RGB моделі бойынша пайызбен берілген, мысалы: rgb(100%, 0%, 0%) (қызыл).

Мысалы:

```
h1 {color: green}          /* түс аттары бойынша берілген (жасыл) */
h1 {color: #008000}        /* түс он алтылық сан түрінде берілген (жасыл) */
```

4.3 CSS стильдерін Web-құжатқа енгізу әдістері

CSS стильдер кестесін Web-құжатқа енгізудің бірнеше әдістері белгілі. Олар бір-бірінен мағынасы және мүмкіндіктерімен бөлектенеді. Бұл бөлімде осы әдістерді қарастырамыз.

Браузерлер стильдер тізбегін олардың орындалу приоритетіне қарай төмендегіше қолданады [4]:

- ішкі стильдер (құжатқа <style> атрибуттарымен енген стильдер);
- енгізілген стильдер (құжатқа <body> тегімен енген стильдер);
- глобаль стильдер (құжатқа тақырып бөлімінде <style> тегімен енген стильдер);
- байланысқан стильдер - құжатқа <link> тегімен енген стильдер;

- импорт стильдер - құжатқа <style> тегінің @import қасиетімен енген стильдер.

Браузерлер Internet Explorer (Microsoft), Opera (Opera Software ASA), Mozilla FireFox (Mozilla Corporation) Web-құжаттарды талдау жасағанда стильдерді осы приоритет бойынша таңдап алады. Сондықтан серверде Web-жоба үшін тек қана бір CSS стильдер кестесі құрылады.

Ішкі стильдер. CSS стильдер кестесі технологиясы HTML тілінің кез келген тегіне өзіндік стильді визуалды (inline style) енгізе алады. Ішкі стиль мағынасы бойынша HTML тілі тэгінің кеңейтілген түрі болып есептеледі. Стильді анықтау үшін HTML тілі тэгінің «style» атрибутынан пайдаланады. Сонымен қатар ішкі стиль тек қана осы тэг ішінде ғана орындалады.

Мысалы:

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html;
charset=windows-1251">
<title>Ішкі стиль</title>
</head>
<body>
<p style="font-family: Helvetica, shadow; font-size: 14 pt; color: purple;
font-weight: normal;"> мәтін </p>
</body>
</html>
```

Көрсетілген мысалда стиль <p> тэгінің «style» атрибуты көмегімен енгізілген. Стильдің қасиеттері нүктелі үтірмен бөлектенген. Мәтіннің өлшемі 14, шрифты Helvetica, түсі сия көк болып анықталған.

Жалпы, ішкі стильдерден пайдаланбаған немесе шектелген түрде қолданған дұрыс. Себебі олар Web-құжаттардың жалпы көлемін ұлғайтады. Нәтижеде браузердің Web-құжатты жүктеу уақыты ұзаяды және Web-құжатқа өзгеріс енгізу қиындайды.

Енгізілген стильдер. CSS стильдер кестесі Web-құжаттың негізгі бөлімінде енгізілген стильден пайдаланады. Бұл әдісте стиль HTML-дің <body> тегіне орналасады, сондықтан бұл стильден барлық тэгтер CSS стильдер кестесінің мұрагерлік қасиеті бойынша пайдалана алады.

Мысалы:

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
```

```
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html;
charset=windows-1251">
<title>Енгізілген стиль</title>
</head>
<body style="font-family: "Times New Roman",serif;
font-size: 14 pt; color: blue;">
<p> мәтін </p>
</body>
</html>
```

Көрсетілген мысалда Web-құжаттың барлық мәтінінің өлшемі 14, шрифты Times New Roman, түсі көк болып анықталған. Сонымен қатар Times New Roman шрифты Serif эффектімен берілген. Егер тұтынушы компьютерінде бұл шрифт болмаса, онда оны браузер Serif эффекті бар сәйкес шрифтпен алмастырады.

Глобаль стильдер. Бұл әдісте стильдер кестесі Web-құжаттың тақырыбына жазылады. Мағынасы жағынан енгізілген стильге ұқсас. Стильді анықтауда HTML тілі тэгінің «style» атрибутынан емес, <style> тэгінен пайдаланады. Егер Web-құжатта ішкі стиль қолданылса, онда сол тэг CSS стильдер кестесінің полиморфизм қасиетімен сипатталған ішкі стильді алады.

Мысалы:

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html;
charset=windows-1251">
<title>Глобаль стиль</title>
<style type="text/css">
h1 {
font-family: Helvetica, shadow;
font-size: 14 pt;
color: yellow;
font-weight: normal;
}
</style>
</head>
<body>
<h1> мәтін </h1>
</body>
</html>
```

Көрсетілген мысалда Web-құжат мәтінінің өлшемі 14, шрифты Helvetica, түсі сары болып анықталған. Сонымен қатар Helvetica шрифты shadow эффектімен берілген.

CSS стильдер кестесі технологиясында аталған әдістерді тәуелсіз қолдануға да, сонымен қатар бірге қолдануға да болады. Web-құжатта бірнеше стильді қолдану мәселесін көрейік. Бұл үшін стильдер кестесін құрамыз.

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html;
charset=windows-1251">
<title>Стильдерді қатар қолдану</title>
<style type="text/css">
p {
background-image: url("files/fon1.gif");
background-color:"#e0e0e0";
font-family: "Times New Roman", shadow;
font-size: 12 pt;
color: "#000080";
}
</style>
</head>
<body style="font-family: " Arial",serif;
font-size: 16 pt; colour: blue;">
<p style="font-family: Helvetica, shadow; font-size: 12 pt; color: purple;
font-weight: normal;"> мәтін </p>
</body>
</html>
```

Көрсетілген мысалда Web-құжаттың фоны глобаль стильдер әдісімен, Web-құжат енгізілген стильдер әдісімен, ал абзац ішкі стильдер әдісімен берілген. Нақты атасақ, негізгі мәтін 16 өлшемді Times New Roman шрифтімен, бас тақырып 16 өлшемді Arial шрифтімен, ал абзац 12 өлшемді Helvetica шрифтімен берілген. Сондай-ақ, негізгі шрифттің түсі тоқ көк, тақырыптың түсі көк, ал абзац сия көкпен берілген.

Байланысқан стильдер. Бұл стильдің жоғарыдағы әдістерден негізгі айырмашылығы стильдер кестесі Web-құжатқа емес, бөлек стильдік файлға жазылады. Стильдік файл «.css» файл кеңеймесімен сақталады. Әдетте бұл файлды түзетуде қарапайым ASCII-редактордан (мысалы, Блокнот) пайдаланған дұрыс.

Мысалы:

```
/* ukgu.css стильдік файлы */
```

```
negizgi
{
font-family: "Times New Roman", serif;
font-size: 12 pt;
color: green;
}
fon
{
background-image: url ("files/fon1.gif");
border-top: 2px double navy;
border-bottom: 2px double navy;
border-left: 2px double navy;
border-right: 2px double navy;
background-color:"#e0e0e0";
font-family: "Times New Roman", shadow;
font-size: 12 pt;
color: "#000080";
}
abzatch1
{
font-family: Arial, sans-serif;
font-size: 18 pt;
color: red;
font-weight: bold;
font-style: italic;
}
abzatch2
{
font-family: Helvetica, shadow;
font-size: 14 pt;
color: yellow;
font-weight: normal;
}
tizim
{
font-family: "Times New Roman", shadow;
font-size: 12 pt;
color: "#000080";
}
```

Көрсетілген мысалда «negizgi», «fon», «abzatch1», «abzatch2», «tizim» стильдері анықталған. Байқасаңыз <style> тегі стильдер кестесінде көрсетілмейді. Браузер стильдік файлды «.css» файл кеңеймесіне қарап таниді. Web-құжатты стильдер файлымен төмендегі түрде байланыстыру қажет:

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html;
charset=windows-1251">
<title>Байланысқан стильдер</title>
<link rel="style sheet" type = "text/css" href="ukgu.css">
</head>
<body>
<p> мәтін </p>
</body>
</html>
```

Көрсетілген мысалда стильдер кестесін (rel="stylesheet") файл форматымен (type="text/CSS") ағымдағы бумадан (href="ukgu.CSS") байланыстыру көрсетілген. Жалпы, стильдік файлды кез-келген URL-адресте сақтауға болады.

Байланысқан стильдер әдісінде стильдер кестесі CSS синтаксисінен басқа ешқандай дерек сақтамайды. Сондай-ақ Web-құжатта да ешқандай стильдер көрсетілмейді, тек қана стильдік файлға сілтеме жасалады. Нәтижеде Web-құжат коды мен Web-құжатты рәсімдеу бөлектенеді. Сонымен қатар жалғыз стильдер файлын бірнеше Web-құжатпен бір уақытта байланыстыруға болады. Сондықтан байланысқан стильдер әдісі CSS технологиясын қолданудың әмбебап әдісінің бірі болып есептелуде.

Импорт стильдер. Web-құжаттағы ағымдық стильдерге стильдік файлды енгізу үшін <style> тегінің @import қасиетінен пайдаланады. Бұл әдісті байланысқан немесе глобаль стильдермен бірге қолдануға болады, ал ішкі стильдермен қатар қолданудың қажеті жоқ.

Web-құжатты стильдер файлымен төмендегі түрде байланыстыру қажет:

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html;
charset=windows-1251">
<title>Импорт стильдер</title>
<style>
@import url("files/matin.css");
@import url("files/tizim.css");
</style>
</head>
<body>
```

 мәтін
</body>
</html>

Көрсетілген мысалда «matin.css» және «tizim.css» стильдік файлдары ағымдағы құжатқа «files/» бумасынан енгізіледі.

4.4 CSS технологиясының алгоритмдері

Web-жоба құру үшін HTML тілімен танысу бірінші кезең болып табылады. HTML тілінде Web-жоба құрылғанымен, HTML тілі тек қана гипермәтіндерді белгілеу тілі, яғни тілде Web-құжатты форматтау және рәсімдеу құралдары жеткіліксіз. Келесі кезең CSS стильдер кестесін құру және енгізу болып есептеледі. Сондықтан бұл бөлімде CSS стильдер кестесін құру алгоритмдерін қарастырамыз. Тұтынушы HTML тілі тэгтерін біледі деп есептейміз.

Қарапайым Web-құжат құрайық (сурет 18).

<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html; charset=windows-1251">
<title> CSS технологиясының қасиеттері</title>
</head>
<body>
<h1 align=center> CSS технологиясының қасиеттері</h1>
 Web-қ ұ жаттың қ ұрылымы мен сипаттауын бөлектеуді CSS (Cascade Style Sheets – каскадты стильдер кестесі) технологиясын қолдана отырып орындаймыз. CSS технологиясы Web-қ ұ жатты сипаттауда қ осымша файлдардан, шаблондар мен стильдерден пайдалануға көмектеседі.
 Стильді анықтау құжаттың түрін стиль қасиеттерін енгізу арқалы өзгертетеді.
Стиль қасиеттерінің мәні ретінде кілттік сөздер алынады. Кілттік сөздер арасында кездесетін ¦ символы, қасиеттің осы немесе келесі мәнді қабылдайтынын білдіреді. Төменде осы технологияның негізгі қасиеттерін қарастырайық.
</body>

</html>

Web-құжатқа стильдер кестесін енгізу үшін HTML тілінің «style» тэгінен пайдаланамыз.

Мысалы:

```
<style type="text/css">
h1 {
font-family: Arial;
font-size: 30 pt;
color: blue;
font-style: italic
}
</style>
```

CSS синтаксисі бойынша стиль екі негізгі бөлімнен тұрады: h1 – селектор және сипаттау (font-family: Arial; font-size: 30 pt; color: blue; font-style: italic).



Сурет 18 - Қарапайым Web-құжат

Сонымен, Web-құжат коды төмендегі түрде жазылады.

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
```

```
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html; charset=windows-1251">
<title> CSS технологиясыны&#1187; &#1179;асиеттері</title>
<style type="text/css">
h1 { font-family: Arial; font-size: 30 pt; color: blue; font-style: italic }
</style>
</head>
<body>
<h1 align=center> CSS технологиясыны&#1187; &#1179;асиеттері</h1>
<p align="justify" > Web-&#1179;&#1201;жатты&#1187; &#1179; &#1201; рылымы мен сипаттауын б&#1257;лектеуді CSS (Cascade Style Sheets – каскадты стильдер кестесі) технологиясын &#1179;олдана отырып орындаймыз. CSS технологиясы Web-&#1179;&#1201;жатты сипаттауда &#1179;осымша файлдардан, шаблондар мен стильдерден пайдалануға к&#1257;мектеседі.</p>
<p align="justify"> Стильді аны&#1179;тау &#1179;&#1201;жатты&#1187; т&#1199;рін стиль &#1179;асиеттерін енгізу ар&#1179;алы &#1257;згертетеді. Стиль &#1179;асиеттеріні&#1187; м&#1241;ні ретінде кілттік с&#1257;здер алынады. Кілттік с&#1257;здер арасында кездесетін &#166; символы, &#1179;асиетті&#1187; осы немесе келесі м&#1241;нді &#1179;абылдайтынын білдіреді. Т&#1257;менде осы технологияны&#1187; негізгі &#1179;асиеттерін &#1179;арастырайы&#1179;.
</p>
</body>
</html>
```

Көрсетілген мысалда h1 стиль «style» тэгі көмегімен енгізілген. Стильдің қасиеттері нүктелі үтірмен бөлектенген. Мәтіннің өлшемі 30pt, шрифты Arial, түсі көк, стили қиғаш болып анықталған (сурет 19). Стильдер кестесінде стильдер блокка жинақталған. Блок фигуралық жақшалардың {...} ішіне жазылған. Сондай-ақ әрбір сипаттау нүктелі үтірмен аяқталады. Мысалда фигуралық жақша жабылудан алдын нүктелі үтір қойылмаған, жалпы, нүктелі үтір жазылуы тиіс.

Жоғарыда Web-құжатқа енгізілген ішкі стиль тек қана бір тэгке ғана әсер етеді. Сонымен қатар, ол басқа стильдермен қосылып қаралады. Стильді анықтау үшін HTML тілі тэгінің «style» атрибутынан да пайдалануға болады.

Мысалы, жоғарыдағы Web-құжатты бірінші абзацына <p> тэгінің «style» атрибутымен жаңа стиль енгізейік.

```
<p align="justify"; style="font-family: Helvetica, shadow; font-size: 14 pt;
    color: purple; font-weight: normal;">
```



Сурет 19 – Стильдер «style» тэгімен енгізілген Web-құжат

Көрсетілген мысалда стиль <p> тэгінің «style» атрибуты көмегімен енгізілген. Стильдің қасиеттері нүктелі үтірмен бөлектенген. Мәтіннің өлшемі 14, шрифты Helvetica, түсі сия көк болып анықталған.

Осы мысалдың толық коды төмендегі түрде жазылады (сурет 20).

```
<!doctype html public"-//W3C//Dtd HTML 4.01//EN">
<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html; charset=windows-
1251">
<title> CSS технологиясыны&#1187; &#1179;асиеттері
</title>
<style type="text/css">
h1 {
font-family: Arial;
font-size: 30 pt;
color: blue;
font-style: italic
}
</style>
</head>
<body>
```

<h1 align=center> CSS технологиясының қасиеттері</h1>
<p align="justify"; style="font-family: Helvetica, shadow; font-size: 14 pt; color: purple; font-weight: normal;"> Web-құжаттың қ ұ рылымы мен сипаттауын бөлектеуді CSS (Cascade Style Sheets – каскадты стильдер кестесі) технологиясын қолдана отырып орындаймыз. CSS технологиясы Web-құжатты сипаттауда қосымша файлдардан, шаблондар мен стильдерден пайдалануға көмектеседі.

 Стильді анықтау құжаттың түрін стиль қасиеттерін енгізу арқалыөзгертетеді. Стиль қасиеттерінің мәні ретінде кілттік сөздер алынады. Кілттік сөздер арасында кездесетін ¦ символы, қасиеттің осы немесе келесі мәнді қабылдайтынын білдіреді. Төменде осы технологияның негізгі қасиеттерін қарастырайық.

</body>
</html>



Сурет 20 - Стильдер тэгінің «style» атрибутымен енгізілген Web-құжат

CSS технологиясында стильдер мұрагерлік және полиморфизм қасиеттерін сақтайды. Жалпы, CSS технологиясында байланысқан стильді қолданған дұрыс. Бұл стильдің жоғарыдағы әдістерден негізгі

айырмашылығы стильдер кестесі Web-құжатқа емес, бөлек стильдік файлға жазылады. Стильдік файл «.css» файл кеңеймесімен сақталады.

Мысалы: style.css файлы

```
h1
    {
    font-family: Arial;
    font-size: 30 pt;
    color: blue;
    font-style: italic
    }
p
    {
    font-family: Helvetica, shadow;
    font-size: 14 pt;
    color: purple;
    font-weight: normal
    }
```

Байқасаңыз <style> тегі стильдер кестесінде көрсетілмейді. Браузер стильдік файлды «.css» файл кеңеймесіне қарап таниді. Web-құжатты стильдер файлымен байланыстыру үшін HTML тілінің <link> тэгінен пайдаланамыз.

Мысалы:

```
<link type="text/css" rel="stylesheet" href="style.css">
```

Көрсетілген мысалда стильдер кестесін (rel="stylesheet") файл форматымен (type="text/CSS") ағымдағы бумадағы стильдік файлмен (href="style.css") байланыстыру көрсетілген.

Web-құжаттың толық коды төмендегі түрде жазылады (сурет 21).

```
<html>
<head>
<meta http-equiv="Content-Language" content="en-us">
<meta http-equiv="Content-Type" content="text/html; charset=windows-1251">
<title> CSS технологиясыны&#1187; &#1179;асиеттері</title>
<link type="text/css" rel="stylesheet" href="style.css">
</head>
<body>
<h1 align=center> CSS технологиясыны&#1187; &#1179;асиеттері</h1>
<p align="justify">Web-&#1179;&#1201;жатты&#1187; &#1179;&#1201;рылымы мен сипаттауын б&#1257;лектеуді CSS (Cascade Style Sheets – каскадты стильдер кестесі) технологиясын &#1179;олдана отырып орындаймыз. CSS технологиясы Web-&#1179;&#1201;жатты
```

сипаттауда қосымша файлдардан, шаблондар мен стильдерден пайдалануға көмектеседі.
 Стильді анықтау құжаттың түрін стиль қасиеттерін енгізу арқалы өзгертетеді.
Стиль қасиеттерінің мәні ретінде кілттік сөздер алынады. Кілттік сөздер арасында кездесетін ¦ символы, қасиеттің осы немесе келесі мәнді қабылдайтынын білдіреді. Төменде осы технологияның негізгі қасиеттерін қарастырайық.

</body>
</html>



Сурет 21 - Стильдер style.css файлымен енгізілген Web-құжат

5 JavaScript тіліне кіріспе

5.1 JavaScript тілінің қарапайым элементтері

JavaScript бағдарламалау тілін 1995 жылы Брендан Айх (Sun Microsystems) жасап шығарды. Тілдің синтаксисисін жазуда C++ және Java тілдері пайдаланылған. Бұл тіл алғашқыда Netscape Navigator браузеріне арналған болатын. Қазіргі таңда JavaScript тілін барлық браузерлер қолданады.

JavaScript тілі – динамикалық Web-құжаттарды дайындауға арналған объектті-оқиғалы тіл. Бұл тіл негізінен клиенттік компьютерде орындалатын скрипт құруға арналған.

Скрипт (Script) – HTML тілінің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған, арнайы бағдарламалау тілінде жазылған ықшам бағдарлама. Кейбір әдебиеттерде сценарий термині де кездеседі, яғни бұл екі сөз синоним.

Скрипттер HTML-құжаттың HTML тілінде жазылған кодының ішіне тікелей орналасады. Олар компиляцияны қажет етпейді, яғни компилятордың орнына интерпретатор жеткілікті. Бұл бағдарлама құруды жеңілдетіп, уақытты үнемдейді. Клиенттік скрипттердің негізгі қасиеті, олар клиент компьютерінде, яғни браузерде HTML-кодпен бірге орындалады.

Біз төменде JavaScript тілін қысқаша қарастырамыз [13-16].

Алфавит. JavaScript тілінің алфавиті төмендегі белгілерден тұрады:

- 26 латын алфавиті әріптері: A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, U, V, W, X, Y, Z.
- 10 араб цифрлары: 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.
- арнайы белгілер:

+	қосу	~	тильда
-	алу	!	леп белгісі
*	жұлдызша	@	коммерциялық эт
/	қисық сызық	#	нөмір белгізі
=	тең	$	ақша бірлігі
,	үтір	%	пайыз
.	нүкте	^	көрсеткіш
:	қос нүкте	&	амперсанд
;	нүктелі үтір	|	тік таяқша
>	үлкен	\	кері қисық сызық
<	кіші	()	жақша
?	сұрақ белгісі	[]	тік жақша
_	сызықша	{}	фигуралық жақша
␣	бос орын		
‘	апостроф		
“	тырнақша		

JavaScript интерпретаторы регистрды есепке алады, яғни бас және кіші әріптерді бөлек деп қабылдайды. Сонымен қатар орыс немесе қазақ алфавиті әріптерін тек қана мәтін қатарында қолдануға болады.

Алфавит белгілерінен қызметші сөз, идентификатор, литерал, оператор т.с.с. тіл элементтері құрылады.

Қызметші сөздер деп JavaScript тілінің жұмысына қажетті нұсқауларды айтады. Әрбір сөздің өз мағынасы, атқаратын қызметі бар. Қызметші сөздерді жұмыс барысында біртіндеп мағынасы қарай түсіндіріп отырамыз.

Идентификатор деп әріп немесе _(сызықша) белгісінен басталатын әріп, цифр және _ белгілерінің тізбегін айтады. Идентификатор - литерал, оператор, функция сияқты қарапайым элементтерді атауға қажет. Идентификаторды жазуда бас және кіші әріптер әртүрлі деп есептеледі. Сонымен қатар идентификатор ретінде қызметші сөздерді қолдануға болмайды. Мысалы:

Дұрыс жазылған идентификаторлар:

- Java_Script – сызықша орынды қолданылған;
- _a1 – сызықшадан басталады;
- X – латын әрібі қолданылған.

Қате жазылған идентификаторлар:

- Java-Script –басқа белгі қолданылған;
- For – қызметші сөз;
- 1a – цифрден басталған;
- Скрипт –орыс әріптері қолданылған.

Литерал деп әдетте JavaScript тілінде қолданылатын деректерді айтады. Литерал *тұрақты* және *айнымалы* деп екіге бөлінеді. Тұрақты литерал деп скриптте мәні өзгермейтін деректі айтамыз. Ал мәні өзгеретін деректі айнымалы литерал дейміз. Литералдың атауы идентификатормен беріледі.

Деректердің типтері. JavaScript тілінде қолданылатын деректер типтерін қарастырайық:

- бүтін;
- нақты;
- логикалық;
- қатарлық;
- null.

Бүтін типті деректерге бүтін сандар жатады. Сандар ондық, сегіздік және он алтылық санақ жүйесінде берілуі мүмкін. Сегіздік санақ жүйесіндегі сандардың алдына 0 (нөл) таңбасы, ал он алтылық сандардың алдына 0x таңбасы жазылады. Мысалы: -100, 0175, 0xA1.

Нақты типті сандар екі түрде жазылады:

- тұрақты нүктелі;
- жылжымалы нүктелі.

Тұрақты нүктелі сандар, нүктемен бөлектенген бүтін және бөлшек түрінде жазылады. Санда бөлшек бөлім болмаса да, нүкте қойылады. Мысалы: 3.1415, -100.

Жылжымалы нүктелі сандар, E (үлкен әріп) символымен бөлектенген мантисса және дәреже түрінде жазылады. Мысалы: 1E-5, 3.14E3.

Логикалық типті деректер тек қана true (ақиқат, 1) false (жалған, 0) мәндерін ғана қабылдайды.

Қатарлық типке мәтін жатады. Мәтін апостроф (‘) немесе қос тырнақша (“) ішіне жазылады. Мысалы: “TurboPascal тіліне ұқсас”.

JavaScript тілінде қатарлық типке арнайы қызметші және баспаға шықпайтын символдарды енгізуге болады.

\b	бос орын (backspace)
\f	жаңа бетке өту (PageDown)
\n	жаңа қатарға өту
\r	енгізу (enter)
\t	табуляция (tab)
\’	апостроф
\”	тырнақша
\\	кері қисық сызық (backslash)

Мысалы:

my_file	-идентификатор;
12345	-бүтін сан;
012345	-сегіздік бүтін сан;
0x12345	-он алтылық бүтін сан;
2.71828	-тұрақты нүктелі нақты сан;
21.	-тұрақты нүктелі нақты сан (бөлшек бөлігі жоқ);
3.14E5	-жылжымалы нүктелі нақты сан ($3{,}14 \cdot 10^5$);
1.2E-4	-жылжымалы нүктелі нақты сан ($1{,}2 \cdot 10^{-4}$);
“Сауле”	-қатар.

Регуляр өрнектер. Регуляр өрнек деп қатардан берілген символдар тізбегін іздеуге арналған шаблондарды айтады. Олардың қарапайым іздеу функцияларынан айырмашылығы, регуляр өрнектің іздеу операциясының күрделілігінде. Регуляр өрнектер / (слэш) символдары ішіне жазылады.

Мысалы: file*.txt - шаблоны атауы file сөзінен басталатын барлық txt кеңеймесі бар файлдарды іздейді. Осы шаблонды регуляр өрнек түрінде жазайық.

file*.txt → / [fF] ile . * \. txt /

Жазылған регуляр өрнек [fF] - f немесе F символдарынан басталатын, ile – тізбегін және .* - кез келген символдар тізбегін, \. – нүктені, txt – тізбегін іздеу мағынасын береді.

Регуляр өрнектерде кездесетін литералдарды қарастырайық:

\	арнайы символдарға жатады, келесі символ литерал емес деген мағынаны білдіреді, мысалы: \n –қатардың соңы, жаңа қатарға өту. Сонымен қатар регуляр өрнектерде литералды символ түрінде жазуда қолданылады, мысалы: \(-регуляр өрнекте жақша кездеседі.
^	қатардың басы
$	қатардың соңы
*	алдыңғы символ көп кездеседі немесе кездеспейді
+	алдыңғы символ міндетті түрде бір рет немесе одан көп кездеседі
?	алдыңғы символ тек қана бір рет кездеседі немесе кездеспейді
{n}	алдыңғы символ міндетті түрде n -рет кездеседі
\w	әріп, цифра немесе _ (сызықша белгісі)

Мысалдар:

/ (\w+) @ ([\ w \ . _] +) / - кез-келген электрондық поштаның адресін білдіреді. Адресті тұтынушы аты және сервердің атауы ретінде екіге бөледі.

/ (\w + : \ / \ /) ? ([^ /] +) (. *) ? / -кез-келген HTML-құжаттың URL-адресін білдіреді. Адресті хаттама, домен және файл аты деп үш бөлікке бөліп, жедел жадыда сақтайды. Сонымен қатар, хаттама мен файл атын көрсетпесе де болады.

RegExp сыныбы қатарды регуляр өрнектер көмегімен өңдеуде қолданылады. Жалпы форматы:

RegExp ({регуляр өрнек} [, {флагтар}])

бұл жерде: регуляр өрнек міндетті компонент;

флагтар: g -глобальды іздеу;

i -символдар регистрін есептемеу;

m -көп қатарлы іздеу.

5.2 JavaScript тіліндегі амалдар

JavaScript тілінде амалдар (операторлар) төмендегі түрлерге бөлінеді:

- арифметикалық;
- логикалық;
- салыстыру;
- биттік (екілік);
- меншіктеу;
- қатарлық;

Арифметикалық амалдар. Бүтін және нақты типті деректер үстінде төмендегі арифметикалық амалдар орындалады:

+	қосу
-	алу
/	бөлу
*	көбейту
-	инверсия – таңбаны өзгерту
%	арифметикалық модуль – бүтін бөлу амалының қалдығы
++	инкремент – операнд мәнін бір бірлікке арттыру
--	декремент - операнд мәнін бір бірлікке азайту

Мысалы:c = 2 * a + b; - бірнеше арифметикалық амал қолданылған;
c = c++; - инкремент амалы операндтан кейін жазылған;
c = ++c, - инкремент амалы операндтан алдын жазылған;
x = -a; - инверсия амалы;

Арифметикалық амалдағы нәтиженің типі, амалда қатысатын деректердің типімен анықталады.

Логикалық амалдар. Логикалық амалдар тек қана логикалық *true* және *false* мәндері үстінде орындалады. Логикалық теріске шығару амалы бір аргументті, ал қалған амалдар екі аргументті.

!	теріске шығару
&&	конъюнкция (логикалық көбейту)
||	дизъюнкция (логикалық қосу)

a	b	!a	!b	a && b	a || b
false	false	true	true	false	false
false	true	true	false	false	true
true	false	false	true	false	true
true	true	false	false	true	true

Мысалы: (x <= 1) && (x >= 7) амалдарын нәтижесін табайық.

- x = 0 болса, нәтиже *false;*
- x = 5 болса, нәтиже *true;*
- x = 9 болса, нәтиже *false;*

Салыстыру амалдары. Деректер үстінде төмендегі салыстыру амалдары орындалады:

>	үлкен
>=	үлкен немесе тең
<	кіші
<=	кіші немесе тең
=	тең
!=	тең емес
= = =	қатаң түрде тең
!= =	қатаң түрде тең емес

Салыстыру амалының нәтижесі *true* немесе *false* мәндеріне ие. Бұл амалдарда деректер кез келген типке, ал нәтиже тек қана логикалық типке тиісті.

Мысалы: *a = 5; b = 3; болсын, онда*
a >= b - true;
a = b - false болады.

Егер салыстырылатын деректер әр түрлі типке ие болса, онда қатаң түрде тең (тең емес) амалдарын қолданған жөн.

Биттік амалдар. JavaScript тілінде биттік амалдар төменгі деңгейлі бағдарламалауда қолданылады.

~	инверсия – теріске шығару
&	конъюнкция – логикалық көбейту
|	дизъюнкция – логикалық қосу
^	логикалық алу
<<	солға жылжыту
>>	оңға жылжыту
>>>	оңға таңбасыз жылжыту

Мысалы:
```
c = ~a;          - инверсия амалы;
c = a & b;       - конъюнкция амалы;
c = a << b;      - a-ны солға b-разрядқа жылжыту;
c = a >> b;      - a-ны оңға b-разрядқа жылжыту;
c = a >>> b;     - a-ны оңға b-разрядқа жылжыту (үлкен
                   разрядқа нөлдер жазылады).
```

Биттік амалдардың мәндері:

a	b	~a	~b	a & b	a | b	a ^ b
0	0	1	1	0	0	0
0	1	1	0	0	1	1
1	0	0	1	0	1	1
1	1	0	0	1	1	0

Меншіктеу амалы (=) литералға мән беруде қолданылады. Мән ретінде тұрақты немесе өрнек жазылады. Мысалы: a = 1; a = a++;

JavaScript тілінде меншіктеу амалының қысқартылған түрлері кездеседі. Мысалы: a = a +10; және a += 10; өрнектерінің мәні бірдей.

жазылуы	*мағынасы*
a += b;	a = a + b;
a -= b;	a = a - b;
a *= b;	a = a * b;
a /= b;	a = a / b;
a &= b;	a = a & b;
a >>= b;	a = a >> b;

Қатарлық амалдар. Қатарлық амалға конкатенация (+) амалы жатады. Бұл амал қатарларды қосуда қолданылады.

Мысалы: a = ”Java”; b = ”Script”; c = a + b;

Өрнектер - деректер үстінде амалдарды және олардың орындалу тәртібін анықтайды. JavaScript тілінде өрнек литералдар және амалдар тізбегінен тұрады. Өрнектер арифметикалық және логикалық болып екіге бөлінеді.

Арифметикалық өрнектер - арифметикалық амалдармен бөлектелген тұрақтылар, айнымалылар және стандарт функциялар тізбегінен тұрады. Өрнектің нәтижесінің типі деректердің типімен анықталады.

Мысалы: 2*a + b*x + c

Логикалық өрнектер – логикалық деректер, логикалық және салыстыру амалдары тізбегінен тұрады. Салыстыру амалдарында арифметикалық, логикалық және символдық типті деректер кездеседі. Логикалық амалдардың нәтижесі true және false мәндеріне ие.

Мысалы: (x > 0) && (x < 13)

Typeof амалы өрнектің типін анықтауда қолданылады. Егер тип бүтін немесе нақты болса «number», қатарлық болса «string» және логикалық болса «boolean» мәндерін қабылдайды. Егер өрнектің типі анықталмаған болса «undefined» мәні шығады.

Мысалы: t = typeof (b);

Өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібі амалдар приоритетімен анықталады. Амалдар приоритетін жақшалармен өзгертуге болады. Өйткені жақша ішіндегі амалдар бірінші орындалады. Өрнектегі приоритеті бірдей амалдар солдан оңға қарай орындалады.

приоритет	*аталуы*	*амалдар*
I	унарлық	-, ++, --, ~
II	мультипликатив	*, /, %, &&, &
III	аддитив	+, -, ||, |
IV	салыстыру	=, >, <, >=, =, !=, = = =, != =
V	меншіктеу	=, +=, *=, …

Өрнектерді құруда төмендегі ережелерді орындау керек:

- өрнекті бір қатарға жазу;
- тек қана қарапайым жақшалардан пайдалану;
- қатарынан екі амалды жазбау.

JavaScript тілінде бірнеше өрнекті жинақтап жазуға болады. Жинақталған өрнектер фигуралық жақшалар {} ішіне жазылады.

Мысалы:

```
{
i = i++;
a += i;
}
```

Мысалы:

```
{
i = ++i;
a += i;
}
```

JavaScript тіліндегі бағдарлама кодына түсініктеме төмендегідей жазылады:

```
// түсініктеме
/* түсініктеме */
```

5.3 Шартты операторлар

Шартты оператор деректерді өңдемейді, өңдеуді басқарумен айналысады. JavaScript тілінде шартты оператор төмендегі түрлерге бөлінеді:

- if-else тармақталу операторы;
- ? шартты операторы;
- switch таңдау операторы.

if-else тармақталу операторы логикалық шарттың мәніне қарай бағдарлама кодының бір бөлігін орындайды. Операторлың форматы:

a) if шарт өрнек1 else өрнек2;

b) if шарт өрнек1;

бұл жерде: if, else –қызметші сөздер; шарт –логикалық өрнек;

Егер шарттың мәні true болса, онда өрнек1 орындалады, ал кері жағдайда, яғни шарттың мәні false болса, онда өрнек2 орындалады.

Мысал 1:
```
if (x>0 && x<13)
f = 1
else
f = 0;
```

Мысал 2:
```
if str1==”Нурдаулет” str2=”Сәлем Нурдаулет”;
```

Мысал 3:
```
if (x==0)
{
f  = 11;
k = 22;
}
else
{
f = 33;
k = 44;
}
```

Мысал 4:
```
if (x>=1)
{
f  = 5;
k = 6;
}
else
{
```

```
f = 7;
k = 8;
}
```

? шартты операторы логикалық шарттың мәніне қарай орындалады. Операторды форматы:

```
шарт ? өрнек1 : өрнек2;
```

бұл жерде: ? –қызметші сөз; шарт –логикалық өрнек;

Егер шарттың мәні true болса, онда өрнек1 орындалады, ал кері жағдайда, яғни шарттың мәні false болса, онда өрнек2 орындалады.

Мысалы: `f = (x>0 && x<13) ? 1 : 0;`

switch таңдау операторы бірнеше тармақталу операторларын біріктіру мүмкіндігін береді. Операторды форматы:

```
switch (өрнек)
{
case мән 1  :  оператор 1;
break;
case мән 2  :  оператор 2;
break;
case мән 3  :  оператор 3;
break;
case мән 4  :  оператор 4;
break;
- - - - - - - - - - - - - - - - -
case мән n  :  оператор n;
break;
default  :  оператор;
}
```

Операторды орындалуы switch қызметші сөзінен кейінгі өрнекті өңдеуден басталады. Сонан соң өрнектің мәні case қызметші сөздерінен кейінгі мәндермен салыстырылады. Қай мән сәйкес келсе, сол қатардағы оператор орындалады. Егер ешқандай мән сәйкес келмесе, онда default қатарындағы оператор орындалады.

Мысалы: берілген day айнымалының мәні, егер 1-ге тең болса, онда out айнымалысы ”дүйсенбі” мәнін қабылдайды, ал егер 2-ге тең болса, онда out айнымалысы ”сейсенбі” мәнін қабылдайды, т.с.с. Ал егер day айнымалының мәні басқа сан болса, онда out айнымалысы ”апта күні емес” мәнін қабылдайды.

```
switch (day)
```

```
{
case 1  :  out = ”дүйсенбі”;
break;
case 2  :  out = ”сейсенбі”;
break;
case 3  :  out = ”сәрсенбі”;
break;
case 4  :  out = ”бейсенбі”;
break;
case 5  :  out = ”жұма”;
break;
case 6  :  out = ”сенбі”;
break;
case 7  :  out = ”жексенбі”;
break;
default  :  out = ”апта күні емес”;
}
```

Таңдау операторындағы default қызметші сөзін жазбауға болады. Мұндай жағдайда, switch қызметші сөзінен кейінгі өрнектің мәні case қызметші сөздерінен кейінгі мәндердің ешқайсысына сәйкес келмесе, ешқандай іс-әрекет орындалмайды.

Сол сияқты, break қызметші сөзін де жазбауға болады. Мұндайда, switch қызметші сөзінен кейінгі өрнектің мәні сәйкес келген case қызметші сөзінен кейінгі операторлардан бастап, барлығы орындалады.

Мысалы:

```
switch (day)
{
case 1  :  out = ”дүйсенбі”;
case 2  :  out = ”сейсенбі”;
case 3  :  out = ”сәрсенбі”;
case 4  :  out = ”бейсенбі”;
case 5  :  out = ”жұма”;
case 6  :  out = ”сенбі”;
case 7  :  out = ”жексенбі”;
default  :  out = ”апта күні емес”;
}
```

Бұл операторлардың нәтижесінде out айнымалысы тек қана ”апта күні емес” мәнін қабылдайды. Себебі day айнымалының мәні апта күніне сәйкес келседе, соңында default қызметші сөзінен кейінгі опреатор орындалады. Сондықтан break қызметші сөзін жазған дұрыс.

5.4 Цикл операторлары

Цикл операторы бағдарлама кодының кейбір бөлігін бірнеше рет қайта-қайта орындауды ұйымдастырады. JavaScript тілінде цикл операторы төмендегі түрлерге бөлінеді:

- for - цикл операторы;
- do-while цикл операторы;
- while цикл операторы;
- break және continue операторлары.

for цикл операторы қайталаулар саны белгілі болғанда қолданылады. Цикл бағдарлама кодындағы логикалық шарт true мәнін қабылдаған кезде орындалады. Оператордың форматы:

for (a, v, b) {<цикл денесі>}

мұндағы: for –қызметші сөз;
a -есептеуішті инициалдау;
v –логикалық шарт;
b -өрнекгі инкременттеу немесе декременттеу.

Бұл оператор бағдарлама кодының бірнеше рет қайта-қайта орындауын ұйымдастыру үшін қажет. Сондықтан кодтың неше рет орындалғанын анықтайтын бүтін типті айнымалы *есептеуіш* деп аталады. Ал, бағдарлама кодының бірнеше рет қайта-қайта орындалушы бөлігін *цикл денесі* атайды. Цикл денесі логикалық шарт false мәнін қабылдағанша орындалады.

Мысалы: S = 1 + 2 + … + 10.

а) for (i = 1; i <= 10; i ++) S += i;

б) for (i = 10; i > 0; i --) S += i;

Көрсетілген мысалда есептеуіш мәнін өзгерту үшін а)-да инкремент және б)-да декремент амалы қолданылған.

Мысалы:

```
for ( i = 2;  i < 21;  i += 2)
{
a += 3;
b = 2 * i + 1;
}
```

Көрсетілген мысалда есептеуіш мәні 2, 4, 6, ..., 20 мәндерін қабылдайды, ал цикл 10 рет орындалады.

do-while цикл операторы қайталаулар саны логикалық шартқа байланысты болған жағдайда қолданылады. Бұл оператор for операторына ұқсас, тек мұнда есептеуіш жоқ. Операторды форматы:

```
do
    цикл денесі
while (шарт);
```

мұндағы: do, while –қызметші сөздер; шарт –логикалық өрнек.

Цикл бағдарлама кодындағы логикалық шарт true мәнін қабылдаған кезде орындалады. Логикалық шарт цикл соңында орналасқан, сондықтан цикл шарт тексерілгенше бір рет орындалады.

Мысалы:

```
do
{
a = a * i + 2;
i = i ++;
}
while (i < 100);
```

do-while цикл операторын қайталаулар саны белгілі болғанда да қолдануға болады.

Мысалы: S = 1 + 2 + … + 10.

```
var  i = 1; S = 0;
do
{
S += i;
i = i ++;
}
while (i > 10);
```

while цикл операторы do-while операторына ұқсас, тек қана логикалық шарт цикл басында тексеріледі. Операторды форматы:

```
while (шарт);
    цикл денесі
```

мұндағы: while –қызметші сөз; шарт –логикалық өрнек.

Цикл логикалық шарт true мәнін қабылдаған кезде орындалады. Егер логикалық шарт басынан-ақ false мәнін қабылдаса, онда цикл міндетті түрде орындалмайды.

Мысалы:

```
while (i < 100)
```

```
{
a = a * i + 2;
i = i ++;
}
```

do-while цикл операторын қайталаулар саны белгілі болғанда да қолданса болады.

Мысалы: S = 1 + 2 + … + 10.

```
var  i = 1; S = 0;
do
{
S += i;
i = i ++;
}
while (i > 10);
```

break және continue операторлары. Кейде циклді орындалу барысында тоқтату қажеттілігі туындайды. Мұндай жағдайда JavaScript тілінде break және continue операторларынан пайдаланамыз.

break операторы циклдың орындалуын тоқтатып, басқаруды келесі операторға немесе белгісі бар операторға жібереді. Операторлың форматы:

```
break [белгі];
```

мұндағы: break –қызметші сөз; белгі –идентификатор.

Белгі – бұл бағдарлама кодында кездесетін басқа бір операторға қойылатын идентификатор. Басқару белгі орналасқан операторға жіберіледі. break операторында белгіні қолданбаса да болады.

Мысалы:

```
while ( a < 100 )
{
a = a * i + 2;
if ( a > 50) break;
i = ++ i;
}
```

Көрсетілген мысалда, егер а-ның мәні 50-ден көп болса, цикл тоқтайды (бағдарлама орындала береді).

continue операторы циклдың орындалуын тоқтатып, басқаруды цикл басына немесе белгі орналасқан операторға жібереді. Операторлың форматы:

```
continue [белгі];
```

мұндағы: continue –қызметші сөз; белгі –идентификатор.

Мысалы:

```
while ( a < 100 )
{
i = ++ i;
if ( i > 9 && i < 21) continue;
a = a * i + 2;
}
```

Көрсетілген мысалда, a-ның мәні цикл есептеуіші i-дің 10 мен 20 мәндері аралығында есептелмейді.

JavaScript тілінде *қабаттасқан циклден* де пайдалануға болады. Қабаттасқан цикл сыртқы және ішкі цикл болып бөлінеді. Ішкі цикл сыртқы циклдің ішіне орналасады. Сыртқы цикл мен ішкі цикл қиылыспайды, сыртқы циклдің әр бір қадамында ішкі цикл толық орындалады.

Мысалы:

```
for ( i = 1; i <= 10; i++ )
{
for ( j = 1; j <= 10; j++ )
s = s + i + j;
}
```

Мысалы: Қабаттасқан циклда continue операторын қолданайық.

```
outer:
for ( i = 1; i <= 10; i++ )
{
  inner:
  for ( j = 1; j <= 10; j++ )
  {
    if ( j = =2 ) continue outer;
    else
    s = s + i + j;
  }
}
```

Көрсетілген мысалда, j айнымалысының мәні 2-ге тең болса, басқару қайтадан сыртқы циклге жіберіледі. Егер continue операторында белгіні қолданбасақ, онда басқару қайтадан ішкі циклге жіберіледі.

6 JavaScript-дің алгоритмдік мәселелері

6.1 Web-құжатқа скриптті орналыстыру әдістері

1. *Скрипт коды Web-құжаттың ішінде орналасқан.* Web-құжаттың тақырып бөліміне коды орналасқан қарапайым скриптті жүктеуді қарастырайық. Бағдарлама листингі мен скрипт коды:

```
<html>
<head>
<script language='JavaScript'>
function f1()
     {
      alert("Скрипт іске қосылды");
      }
</script>
</head>
<body>
       <input type="button"  value="Скрипт"  onclick="f1()">
</body>
</html>
```

Скрипт жазылған Web-құжатта төмендегі батырма пайда болады.



Батырмасы бассақ төмендегі хабарлама шығады (сурет 22).



Сурет 22 – Скрипт іске қосылғаны туралы хабарлама

Берілген скриптті талдайық. Скрипт коды мен оқиғаны өңдеу батырмасы бір құжатта берілген. Скриптті іске қосу үшін батырма (button) объекті және батырманы басу (onclick) оқиғасы пайдаланылған. Батырманы басқанда f1() функциясы жұмысқа қосылады. Бұл функция өз кезегінде alert() функциясын шақырып, терезеге мәтінді («Скрипт іске қосылды») шығарады. Скрипт коды Web-құжат бағдарламасынан <script> және </script> тэгтері арқылы бөлектенген.

Сипатталған скрипт кодын Web-құжаттың кез келген жеріне орналыстыруға болады. Скриптті ашу тэгінде скрипт тілі (language='JavaScript') көрсетілуі қажет.

2. *Скрипт коды бөлек файлда орналасқан.* Скрипт коды file.js файлына жазылған болсын:

```
function f1()
{
alert("Скрипт іске қосылды");
}
```

Скриптке баратын жол мен файл атын scr атрибутында көрсетеміз. Скрипт жазылған файлды Web-құжатқа төмендегіше байланыстырамыз.

```
<script language='JavaScript' scr=”file.js”> </script>
```

Скриптті жұмысқа қосу үшін батырмадан пайдаланамыз.

```
<input type="button"  value="Скрипт"  onclick="f1()">
```

Сонымен Web-құжат коды төмендегідей жазылады:

```
<html>
<head>
   <script language='JavaScript' src='file.js'> </script>
</head>
<body>
   <input type="button"  value="Скрипт"  onclick="f1()">
</body>
</html>
```

Скрипт жазылған Web-құжатта төмендегі батырма пайда болады.



Батырмасы бассақ жоғарыда көрсетілген хабарлама шығады (сурет 22).

6.2 Интерактивтік интерфейстің қалып скрипттері

Әдетте тұтынушының Web-құжатпен интерактивтік байланысын әртүрлі қалыптар арқылы, яғни батырма, радиоперне, қосқыш (байрақша), тізім арқылы ұйымдастырады [5]. Мұндай қалыптар, мысалы, студенттердің білімін тест арқылы тексеруде ыңғайлы. Осындай

қалыптарға мысалдар қарастырайық. Мынадай қарапайым мысалға скрипт құрайық [4].

Сұрақ: «Гамлет» трагедиясын кім жазған?
Жауаптары: Монтень, Шекспир, Гомер, Рабле, Софокл
Дұрыс жауабы: Шекспир

Скрипт кодын құру үшін Web-құжаттың негізгі бөліміне сұрақты және <p> тэгтері арқылы жазамыз:

```
<center><p> «Гамлет» трагедиясын кім жазган? </p></center>
```

Енді Web-құжаттың негізгі бөліміне жауаптарды жазамыз. Мысалы дұрыс жауапты

```
<input type=Button value="Шекспир" onclick="javascript:dyris();">
```

тэгімен жазамыз. Мұндағы <input> тэгі скриптты қалай іске қосуды анықтайды. Тзгтің type="button" атрибуты батырманы, value="Шекспир" атрибуты шығатын жауапты сипаттайды. Ал onclick="javascript:dyris();" атрибуты тышқан көрсеткішін шерткенде dyris() функциясын шақырады.

Енді қате жауапты

```
<input type=Button   value="Гомер"   onclick="javascript:kate();">
```

тэгімен анықтаймыз. Мұндағы onclick="javascript:kate();" атрибуты тышқан көрсеткішін шерткенде kate() функциясын шақырады. Сол сияқты қалған қате жауаптарды ды анықтаймыз. Ол үшін value="Гомер" атрибутының мәндерін Монтень, Рабле, Софокл деп кезекпе-кезек өзгертіп отырамыз. Бізде мынадай программа коды пайда болды:

```
<input type=Button value="Шекспир" onclick="javascript:dyris();">
<input type=Button   value="Гомер"   onclick="javascript:kate();">
<input type=Button   value="Монтень"   onclick="javascript:kate();">
<input type=Button   value="Рабле"   onclick="javascript:kate();">
<input type=Button   value="Софокл"   onclick="javascript:kate();">
```

Енді жауаптар браузер экранында бір тегіс шығу үшін, осы кодты кестеге енгіземіз. Ол үшін <table> тэгінен пайдаланамыз:

```
<table align="center" cellspacing="3" cellpadding="3" border="2">
```

Мұндағы align="center" атрибуты ұяшық мәтінін браузер терезесіне туралайды, cellspacing="3" атрибуты кестенің жалпы рамкасы мен әр бір ұяшығының рамкасы арасындағы қашықтықты пиксельде анықтайды,

cellpadding="2" атрибуты кестенің әр бір ұяшығындағы мәтіннің ұяшық рамкасына дейінгі қашықтықты пиксельде анықтайды, border="2" атрибуты кесте рамкасының қалындығын пиксельде анықтайды.

Сол сияқты <tr> және <td> тэгтерінен пайдаланымыз. Мұндағы <tr> тэгі кестенің ұяшықтар қатарын анықтайды, ал <td> тэгі кестенің ағымдағы қатарында ұяшық құрады. Осы жоғарыда сипатталған программа кодын <form> тэгінің ішіне жазамыз.

Сонымен программа кодымыз төмендегі түрде жазылады.

```
<form name="Test1">
<table align="center" cellspacing="3" cellpadding="3" border="2">
<tr> <td> Жауаптар </td>
<td></td>
<td><input type=Button   value="Монтень"
onclick="javascript:kate();"></td>
<td></td>
<td><input type=Button value="Шекспир"
onclick="javascript:dyris();"></td>
<td></td>
<td><input type=Button   value="Гомер"
onclick="javascript:kate();"></td>
<td></td>
<td><input type=Button   value="Рабле"
onclick="javascript:kate();"></td>
<td></td>
<td><input type=Button   value="Софокл"
onclick="javascript:kate();"></td>
</tr> </table>
</form>
```

Әрі қарай dyris() функциясы кодын жазамыз.

```
function dyris()
{
alert("дурыс");
}
```

Бұл функция келесі alert() функциясын шақырып, «дұрыс» деген мәтінді браузер терезесіне шығарады. Сол сияқты kate() функциясының кодын жазамыз.

```
function kate()
{
alert("Қате");
}
```

Бұл функция да alert() функциясын шақырып, «Қате» деген мәтінді браузер терезесіне шығарады.

Сонымен скрипттің толық коды мына түрге келеді.

```
<script language="JavaScript">
function dyris()
{
alert("дурыс");
}

function kate()
{
alert("Кате");
}
</script>
```

Жоғарыда сипатталған программа кодтарын жинақтап, Test1.html атауымен сақтаймыз (сурет 23).



Сурет 23 – Test1.html файлының коды

Осы Test1.html файлы браузер терезесінде төмендегі түрде бейнеленеді (сурет 24).



Сурет 24 – Test1.html файлының браузер терезесіндегі бейнесі

Егер «Шекспир» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа dyris() функциясын шақырады. Браузер терезесінде «дұрыс» сөзі жазылған қосымша терезе пайда болады. Терезені жабу үшін «ok» пернесін шертеміз (сурет 25).

Егер «Монтень», «Гомер», «Рабле», «Софокл» батырмасының біреуін тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа kate() функциясын шақырады.



Сурет 25 – dyris() функциясының нәтижесі

Браузер терезесінде «қате» сөзі жазылған қосымша терезе пайда болады (сурет 26).



Сурет 26 – kate() функциясының нәтижесі

Әрі қарай, жоғарыда қаралған мысалды радиоперне қалыбы арқылы құру алгоритмін сипаттайық. Қалыптың атын «Test2» деп атаймыз:

<form name="Test2">

Скрипт кодын құру үшін Web-құжаттың негізгі бөліміне сұрақты жоғарыда сияқты анықтаймыз.

 «Гамлет» трагедиясын кім жазган?

Енді Web-құжаттың негізгі бөліміне жауаптарды жазамыз.

<input type=radio value="1" name="jayap"

Мұндағы <input> тэгі қалыптың өрісін анықтайды. Тзгтің type=radio атрибуты радиопернелер тізімі өрісін, value="1" атрибуты радиоперне атауын, name="jayap" атрибуты өрістің өзіндік атын анықтайды. Тізімдегі барлық радиопернелер (radio buttons) бірдей аталады, олардың тек қана біреуі белгіленеді. Таңдалған өрістің name/value мәні анықталады.

Сол сияқты басқа жауаптарды да дәл осылай <input> тэгі арқалы сипатталады. Оларда тек қана value атрибутының мәні ғана өзгеріп отырады.

Әрі қарай скриптты іске қосуды

<input type=button value="Тексеру" name="Go" onclick="javascript:Rbut();">

тэгімен жазамыз. Тзгтің type="button" атрибуты батырманы, value="Тексеру" атрибуты өрістің атын, батырма үстіндегі жазуды, ал name="Go" атрибуты өрістің өзіндік атын анықтайды анықтайды. Ал onclick="javascript:Rbut();" атрибуты тышқан көрсеткішін шерткенде Rbut() функциясын шақырады.

Енді жауаптар браузер экранында бір тегіс шығу үшін, осы кодты кестеге енгіземіз. Ол үшін <table> тэгінен пайдаланамыз.

Сонымен, біздің қалыптың коды мынадай түрге келеді:

<form name="Test2">

```
<table align="center" cellspacing="2" cellpadding="2" border="2">
<tr>
<td>ауыстыргыш</td>
<td>жауаптар</td>
</tr>
<tr align="center"> <td><input type=radio  value="1" name="jayap"></td>
<td> Монтень </td></tr>
<tr align="center"> <td><input type=radio value="2" name="jayap"></td> <td>
Шекспир </td> </tr>
<tr align="center"> <td><input type=radio value="3" name="jayap"></td> <td>
Гомер </td> </tr>
<tr align="center"> <td><input type=radio value="4" name="jayap"></td> <td>
Рабле </td> </tr>
<tr align="center"> <td><input type=radio value="5" name="jayap"></td> <td>
Софокл </td> </tr>
 <tr align="center"> <td colspan="2"> <input type=button value="Тексеру"
name="Go" onclick="javascript:Rbut();"></td> </tr>
</table>
</form>
```

Әрі қарай Rbut() функциясының кодын жазамыз.

```
function Rbut()
{
  jayap=document.Test2.jayap[1].checked;
  if (jayap)
{
  alert("дұрыс жауап");
}
  else
{
  alert("қате жауап ");
}
}
```

Мұндағы jayap=document.Test2.jayap[1].checked қатары "Test2" қалыбынан jayap[1] мәнін радиопернелерден алып, оны jayap айнымалысына меншіктейді. Айта кетейік, jayap[1] айнымалысының аргументін номерлеу 0-ден басталады. Ал if операторы jayap айнымалысының мәні true болса, alert("дұрыс") функциясын, ал кері жағдайда, яғни jayap айнымалысының мәні false болса, онда alert("Қате") функциясын шақырады.

Жоғарыда сипатталған программа кодтарын жинақтап, Test2.html атауымен сақтаймыз (сурет 27).



Сурет 27 – Test2.html файлының коды

Сонымен скрипттің толық коды мыны түрге келеді:

```
<script language="JavaScript">
function Rbut()
{
 jayap=document.Test2.jayap[1].checked;
 if (jayap)
{
 alert("дұрыс жауап");
}
 else
{
 alert("қате жауап ");
}
}
</script>
```

Осы Test2.html файлы браузер терезесінде төмендегі түрде бейнеленеді (сурет 28).



Сурет 28 – Test2.html файлының браузер терезесіндегі бейнесі

Егер «Шекспир» радиопернесін белгілеп, «Тексеру» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа alert("дұрыс жауап ") функциясын шақырады. Браузер терезесінде «дұрыс жауап» сөзі жазылған қосымша терезе пайда болады (сурет 29).



Сурет 29 – alert("дұрыс жауап ") функциясының нәтижесі

Егер «Монтень», «Гомер», «Рабле», «Софокл» радиопернелерінің бірін белгілеп, «Тексеру» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа alert("қате жауап") функциясын шақырады. Браузер терезесінде «қате жауап» сөзі жазылған қосымша терезе пайда болады (сурет 30).

Көрсетілген мысалда, тек қана бір сұрақ үшін алгоритм құрылды. Осы алгоритм арқалы сұрақтар санын көбейтуге болады.



Сурет 30 – alert("қате жауап") функциясының нәтижесі

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайық. Сонымен бұл бөлімде тұтынушының интерактивтік интерфейсін, скрипттерді Web-құжатқа енгізу әдістері және интерактивтік интерфейстің қалыптарын құру мәселесін қарастырдық. Сондай-ақ, тұтынушының Web-құжатпен интерактивтік байланысын батырма, радиоперне арқылы ұйымдастыру алгоритмдерін сипаттадық.

6.3 Web-құжатқа ақпаратты енгізу-шығару скрипттері

JavaScript тілінде бағдарламалау барысында ақпаратты енгізу және шығару мәселесі көп туындайды. JavaScript бағдарламалау тілінде ақпаратты енгізу және шығару басқа алгоритмдік тілдерге қарағанда ерекше. Себебі скрипттер Web-құжатта әрдайым орындала бермейді. Олар тек қана тұтынушы шақырғанда ғана жұмыс істейді. Сондықтан ақпаратты енгізу және шығару интерактивті түрде амалға асырылады. Ақпаратты енгізуде және шығаруда әр түрлі әдістер қолданылады. Осы әдістердің жұмыс үрдістерін қарастырайық [13-16].

1. Ақпаратты confirm() әдісімен енгізу. Егер Web-құжатта тек қана екі мәнді, мысалы «ия» және «жоқ» деген, енгізу қажет болса, онда JavaScript бағдарламалау тілінде confirm() әдісін пайдаланамыз. Бұл әдісте ақпарат сұхбат терезесі арқылы енгізіледі. Сұхбат терезесінде екі батырма орналасады. Осы батырма көмегімен екі логикалық нәтиже «true» және «false» мәндері пайда болады. Тұтынушы осы мәндерді қалауы бойынша пайдалана алады. Осы әдістің жұмыс үрдісін мысалмен сипаттайық.

Мысалы:

у айнымалысына логикалық мәнді меншіктейік.

Скрипт кодының ішіне conf() функциясын енгіземіз. Функцияның ішіндегі confirm() әдісі арқылы енгізілген логикалық мән у айнымалысына меншіктеледі. Скрипт коды төмендегі түрде жазылады.

```
<script language="JavaScript">
function conf()
```

```
{
   var y = confirm("Таңдаңыз");
   alert("Нәтиже: "+  y);
}
</script>
```

Мұндағы alert() функциясы y айнымалысының мәнін браузер терезесіне шығарады. Енді Web-құжатта осы скриптті шақыру қалыбын құрамыз. Қалыпты

```
<input type="Button" name="engizy" value="confirm() әдісін жүктеу"
onclick="conf()">
```

тэгімен жазамыз. Мұндағы <input> тэгі скриптты қалай іске қосуды анықтайды. Тзгтің type="button" атрибуты батырманы, name="engizy" атрибуты батырманың өзіндік атын, value="confirm() әдісін жүктеу" атрибуты шығатын жазуды сипаттайды. Ал onclick="conf()" атрибуты тышқан көрсеткішін шерткенде conf() функциясын шақырады.

Жоғарыда сипатталған программа кодтарын жинақтап, скрипт.html атауымен сақтаймыз (сурет 31).



Сурет 31 – скрипт. html файлының коды

Осы скрипт.html файлы браузер терезесінде төмендегі түрде бейнеленеді (сурет 32).



Сурет 32 – скрипт.html файлының браузер терезесіндегі бейнесі

Егер "confirm() әдісін жүктеу" батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа conf() функциясын шақырады. Браузер терезесінде confirm() әдісінің сұхбат терезе пайда болады (сурет 33).



Сурет 33 – confirm() әдісінің сұхбат терезесі

Егер «ok» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа y айнымалысының мәнін браузер терезесіне шығарады. Браузер терезесінде «Нәтиже: true» сөзі жазылған терезе пайда болады (сурет 34).



Сурет 34 – alert("Нәтиже: "+ y) функциясының true нәтижесі

Сол сияқты, егер «Отмена» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, браузер терезесінде «Нәтиже: false» сөзі жазылған терезе пайда болады (сурет 35).



Сурет 35 – alert("Нәтиже: "+ y) функциясының false нәтижесі

2. Ақпаратты prompt() әдісімен енгізу. JavaScript бағдарламалау тілінде айнымалының мәнін пернетақта арқылы енгізетін болсақ, онда prompt() әдісінен пайдаланымыз. Осы prompt() әдісінің жұмыс үрдісін төмендегі мысалмен сипаттайық.

Мысалы: Нақты типті x және z айнымалыларына сандық мәндерді клавиатурадан енгіземіз. Сосын $y = x + z$ қосындысын браузер экранына шығарамыз.

Скрипт кодының ішіне sum() функциясын енгіземіз. Функцияның ішіндегі prompt() әдісі арқылы x және z айнымалыларына сандық мән меншіктеледі.

Скрипт коды төмендегі түрде жазылады.

```
<script language="JavaScript">
function sum()
{
  var x = prompt ("x санын енгізіңіз", "");
  var z = prompt ("z санын енгізіңіз", "");
   x =parseFloat( x );
   z =parseFloat( z );
  var y = x + z ;
  alert ("Нәтиже y = "+ y );
}
</script>
```

Скрипттегі alert("Нәтиже y = "+ y) функциясы y айнымалысының мәнін браузер терезесіне шығарады. Ал parseFloat() функциясы енгізілген мәнді қатарлық типтен нақты типке өткізеді. Егер бүтін типке өткізу қажет болса, онда parseInt() функциясын қолданамыз. Бұл функцияларды қолданбасақ, онда скрипт айнымалыларды қатарлық тип деп есептеп конкатенация (жалғау) амалын орындайды. Мысалы, мән ретінде 2 және 3 сандарын енгізсек, онда нәтиже 23 болады.

Web-құжатта осы скриптті шақыру қалыбын

<input type="button" value="Скрипт" onclick="sum()">

тэгімен жазамыз. Мұндағы <input> тэгі скриптты іске қосады. Тзгтің type="button" атрибуты батырманы, value="Скрипт" атрибуты батырма бетіне шығатын жазуды анықтайды. Ал onclick="sum()" атрибуты тышқан көрсеткішін шерткенде sum() функциясын шақырады.

Жоғарыда сипатталған программа кодтарын жинақтап, скрипт2.html атауымен сақтаймыз (сурет 36).



Сурет 36 – скрипт2. html файлының коды

Онда скрипт2.html файлы браузер терезесінде төмендегі түрде бейнеленеді (сурет 37).



Сурет 37 – скрипт2.html файлының браузер терезесіндегі бейнесі

Егер "Скрипт" батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа sum() функциясын шақырады. Браузер терезесінде prompt() әдісінің сұхбат терезесі пайда болады (сурет 38).



Сурет 38 – prompt() әдісінің сұхбат терезесі (x мәнін енгізу)

Сұхбат терезесіне x айнымалысының мәнін енгізіп, «ok» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек келесі сұхбат терезесі пайда болады (сурет 39).



Сурет 39 – prompt() әдісінің сұхбат терезесі (z мәнін енгізу)

Жоғарыдағы сияқты, z айнымалысының мәнін енгізіп, «ok» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, программа y айнымалысының мәнін браузер терезесіне шығарады. Браузер терезесінде «Нәтиже $y = 5$» сөзі жазылған терезе пайда болады (сурет 40).



Сурет 40 – alert ("Нәтиже y = "+ y) функциясының нәтижесі

3. Ақпаратты мәтіндік өріс арқылы енгізу. JavaScript бағдарламалау тілінде клавиатурадан мәтін енгізу үшін мәтіндік өрістен пайдаланады. Мәтіндік өріс қалыптың ішінде <input> тэгімен құрылады. Web-құжатта осы мәтіндік өрісті құрамыз.

```
<form name="form1">
<input type="text" name="text1"  size="30"
value="Өріске мәтін енгізіңіз" onblur="oris()" >
</form>
```

Қалып HTML тілінің <form> тэгімен сипатталған. Қалыптың name="form1" атрибуты қалыптың өзіндік атын анықтайды. Әдетте атрибуттан Web-құжатта бірнеше қалып болғанда пайдаланады. Қалыптың ішіндегі <input> тэгі қалыптың өрісін сипаттайды. Тэгтің type="text" атрибуты атрибуты өрістің типін анықтайды. Біздің мысалда мәтіндік өріс деп берілген. Тэгтің name="text1" атрибуты өрістің өзіндік атын, size="30" атрибуты мәтіндік өріс өлшемін символдар санымен, value="Өріске мәтін енгізіңіз" атрибуты өрістің ішіндегі жазуды анықтайды. Ал onblur="oris()" атрибуты оқиғаны, яғни мәтіндік өрістің ағымдық күйін жоғалқанын көрсетеді, яғни өрістен тыс жерді тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек oris() функциясын шақырады.

Осы қалыпты өңдейтін скрипт кодын құрайық. Скрипт кодының ішіне oris() функциясын енгіземіз.

```
<script language="JavaScript">
function oris()
{
   F =document.form1.text1.value
   alert("Мәтін енгізілді: " + F )
}
</script>
```

Скрипттегі oris() функциясы скрипттің іс-әрекетін сипаттайды. Функцияның F=document.form1.text1.value қатары мәтіндік өріске енгізілген мәтінді F айнымалысына меншіктейді. Ал alert("Мәтін енгізілді: " + F) функциясы F айнымалысының мәнін браузер терезесіне шығарады.

Осы сипатталған программа кодтарын жинақтап, скрипт3.html атауымен сақтаймыз (сурет 41).



Сурет 41 – скрипт3. html файлының коды

Сонымен скрипт3.html файлы браузер терезесінде төмендегі түрде бейнеленеді (сурет 42).



Сурет 42 – скрипт3.html файлының браузер терезесіндегі бейнесі

Скриптті жұмысқа беру үшін мәтіндік өріске мәтін, мысалы «Жазира» сөзін енгізіп, браузер экранының кез келген жерін тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, скрипт oris() функциясын шақырады. Браузер терезесінде prompt() әдісінің сұхбат терезесі пайда болады (сурет 43).



Сурет 43 – oris() функциясының нәтижесі

4. Ақпаратты мәтіндік аймақ арқылы енгізу. JavaScript бағдарламалау тілінде енгізілетін мәтіннің көлемі үлкен болса, яғни ол бір қатардан артық болса, онда textarea қалыбынан пайдаланамыз. Сонымен, textarea қалыбында енгізілетін немесе монитор экранына шығарылатын мәтін бірнеше қатардан тұруы тиіс. Енді textarea қалыбының жұмыс үрдісін сипаттайтын скрипт алгоритмін қарастырайық.

Мәтіндік аймақ қалыптың ішінде <input> тэгімен құрылады. Web-құжатта осы мәтіндік аймақты құрамыз.

```
<form name="kalip">
<textarea name="aimak" cols="50" rows="6" >
    М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
    «Информатиканы оқытудың теориясы және әдістемесі» кафедрасы
</textarea>
</form>
```

Сонымен, қалып HTML тілінің <form> тэгімен сипатталған. Қалыптың name="kalip" атрибуты қалыптың өзіндік атын анықтайды. Қалыптың ішіндегі <textarea> тэгі қалыптың мәтіндік аймағын сипаттайды.

Тэгтің name="aimak" атрибуты өрістің өзіндік атын, cols="50" атрибуты өріс терезесінде мәтіннің көрінуге тиісті баған санын, ал rows="6" атрибуты өріс терезесінде мәтіннің көрінуге тиісті қатар санын анықтайды

Осы қалыпты өңдейтін скрипт кодын құрайық. Скрипт коды төмендегі түрде құрылады.

```
<script language="JavaScript">
function Matin()
{
  var F =document.kalip.aimak.value;
  alert(F );
}
</script>
```

Скрипт кодының ішіне matin() функциясын енгіземіз. Бұл функция скрипттің іс-әрекетін сипаттайды. Функцияның a=document.kalip.aimak.value қатары мәтіндік өріске енгізілген мәтінді a айнымалысына меншіктейді. Ал alert(F) функциясы F айнымалысының мәнін браузер терезесіне шығарады.

Енді осы скрипт кодын орындау үшін Web-құжаттың негізгі бөліміне

```
<form name="kalip_batimasi">
<input type="Button"   value="скриптті іске қосу"
onclick="javascript: Matin();">
</form>
```

тэгін жазамыз. Мұндағы <form> тэгі қалыпты, ал қалыптың name="kalip_batimasi" атрибуты қалыптың өзіндік атын анықтайды. Қалыптағы <input> тэгі скриптты қалай іске қосуды сипаттайды. Тэгтің type="button" атрибуты батырманы, value="скриптті іске қосу" атрибуты батырманың бетіне шығатын жазуды, ал onclick="javascript:Matin();" атрибуты тышқан көрсеткішін шерткенде орындалатын оқиғаны анықтайды.

Осы сипатталған программа кодтарын жинақтап, скрипт-4.html атауымен дискіге сақтаймыз (сурет 44).

Жалпы, скрипт-4.html файлы браузер терезесінде төмендегі түрде бейнеленеді (сурет 45).

Скриптті жұмысқа беру үшін мәтіндік өріске мәтін, мысалы «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Информатиканы оқытудың теориясы және әдістемесі» кафедрасы» сөйлемін енгізіп, «скриптті іске қосу» батырмасын тышқан көрсеткішімен бір рет шертсек, скрипт Matin() функциясын шақырады.



Сурет 44 – скрипт-4. html файлының коды



Сурет 45 – скрипт-4.html файлының браузер терезесіндегі бейнесі

Браузердің терезесінде хабарлама терезесі пайда болып, онда F айнымалысының мәні пайда болады (сурет 46).



Сурет 46 – Matin() функциясының нәтижесі

5. Ақпаратты alert() әдісі арқылы шығару. Егер Web-құжатта ақпаратты сұхбат терезесінде хабарлама ретінде шығару қажет болса, онда JavaScript бағдарламалау тілінде alert() әдісін пайдаланамыз. Бұл әдісті жоғарыдағы скрипттерде пайдаландық. Енді осы әдістің жұмыс үрдісін төмендегі мысалда қарастырайық.

Бұл әдісті қолдану үшін Web-құжат кодында

```
<input type="button"  value="Мәтінді экранға шығару"
onclick=’alert("alert  функциясының нәтижесі")’>
```

тэгін жазсақ жетерлі. Мұндағы <input> тэгі скриптты қалай іске қосуды сипаттайды. Тэгтің type="button" атрибуты батырманы, value="Мәтінді экранға шығару" атрибуты батырманың бетіне шығатын жазуды, ал onclick=’alert("alert функциясының нәтижесі")’ атрибуты тышқан көрсеткішін шерткенде орындалатын оқиғаны анықтайды.
